



БІТІМГЕР БОЛУ – БЕЙБІТШІЛІКТІҢ ЕЛШІСІ БОЛУ

Мемлекет басшысы Ұлттық бітімгерлік контингентінің әскери қызметшілерімен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық бітімгерлік құрам сапында табысты қызмет атқарып, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосқан офицерлермен және сарбаздармен кездесті. Президент елімізге жүктелген жауапты міндетті жоғары деңгейде атқарып келген әскерилер ерлік пен батылдықтың озық үлгісін көрсеткенін, сол арқылы Ұлттық армиямыздың, тұтас мемлекетіміздің беледі көтерілгенін атап өтті.

– Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қактығыс болып жатыр. Өкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан – бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Президенттің айтуынша, еліміздің Қарулы Күштері 2014 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйы-

мының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Мемлекет басшысы олардың ішінде Әлия мен Мәншүктің, Хиуаздың жолын жалғаған жаужүрек арулар да бар екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген ел бітімгерлік күштерге қосылуға ұмтылатынына, бірақ бәріне бірдей сенім артыла бермейтініне назар аударды. Қазақстанға осындай мүмкіндік беріліп отырғанын, бұл ретте ұлттық армиямыз былтыр тағы бір тарихи кадам жасағанын айтты.

– Қазақстан алғаш рет бітімгерлік міндетін дербес орындауға кірісті. Голан жоталарындағы операция аясында Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыз мүлде жана деңгейге көтерілді. Біз толыққанды бітімгерлік күштері бар елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан – осы салада мол тәжірибе жинақтаған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)



ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ РӨЛІ ЗОР

Мемлекет басшысы CHEVRON корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уиртті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Президенті мен америкалық Chevron энергетикалық корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы стратегиялық әріптестіктің қазіргі ахуалы мен перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысы Chevron компаниясымен серіктестік еліміздегі энергетика саласын тұрақты дамытуда негізгі рөл атқаратынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Майкл Уиртті «Теніз» кен

орнын кеңейту жобасының табысты аяқталуымен құттықтады.

Кездесуде ірі инвестициялық жобаларға, соның ішінде газ және мұнай химиясы өндірісіне ерекше назар аударылды.

Президент отандық компаниялардың мұнай-газ секторындағы үлесін арттырудың өзектілігін атап өтіп, Chevron компаниясымен өзара тиімді әрі ұзақ мерзімді ынтымақтастықты тереңдетуге дайын екеніне тоқталды.

Майкл Уирт Қазақстан компанияның стратегиялық әрі сенімді серіктесі болып қала беретінін жеткізді. Сондай-ақ «Тенішевройл» бірлескен кәсіпорны 1993 жылдан 2024 жылға дейін елімізге айтарлықтай инвестиция салғанын айтты.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ІРГЕТАСЫ



«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы биыл аяқталады. Жобаның басты мақсаты – елді апатты білім ордаларынан құтқарып, үш ауысымды оқуды жою болатын. Енді ол міндет қалай орындалады? Ұлттық жобаның жүзеге асырылуын бақылауға алған Парламент депутаттары басқа да олқылықтарды байқап, шешімін ұсынды.

→ 4

Зарина ҚҰТПАНОВА:

ДРОН ТЕХНОЛОГИЯСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ



Зарина Құтпанова – дрон ұшыру бойынша еліміздегі алғашқы рнд кандидат. Дрон жасау, дрон ұшыру, оны басқару, робототехника, IT саласында үлкен жетістіктерге жетіп, әлем елдерімен байланыс орнатып, жас шәкірттер тәрбиелеп жүрген қазақтың қаршадай қызы жақында Атырауға келген болатын. Бір өзі үлкен жүкті арқалап жүрген қазақтың дарынды жасымен сұхбат құрып үлгердік.

→ 5

САЛЫҚ РЕФОРМАСЫ – КҮН ТӘРТІБІНДЕ



Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның төрағалығымен Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті. Онда осы аптада депутаттар бірінші оқылымда мақұлдаған жаңа Салық кодексінің жобасы талқыланды.

→ 3

ОТАНДАСТАР ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Күні кеше Хорватияның Осиек қаласында спорттық гимнастикадан әлем кубогының төртінші кезеңі өтті. Әлемнің таңдаулы спортшыларын бір арнаға тоғыстырған айтулы додадан отандастарымыз жүлдесіз қайтпады.

→ 8



15 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

БІТІМГЕР БОЛУ – БЕЙБІТШІЛІКТІҢ ЕЛШІСІ БОЛУ

(Басы 1-бетте)

Қазір еліміздің 158 азаматы Африка және Таяу Шығыс аймағында бітімгерлік қызметте жүр. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

— Қарулы Күштер — еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен, сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мүлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия — қайсарлыққа баулитын, жігерді жанитын нағыз мектеп. Сіздер азаматтық борыш пен әскери анта адальдық танытып, шынайы патриотизмнің үлгісін көрсеттіңіздер.

Мінсіз қызметтеріңіз өскелең ұрпаққа өнеге. Мемлекет басшысы ретінде мен қауіпсіздік және құқық қорғау саласына әрдайым айрықша көңіл бөлемін. Жақында Ақордада арнаулы жасақтар арасындағы беделді халықаралық жарыстан жүздеген оралған күштік құрылым қызметкерлерін марапаттадық. Жалпы, әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың беделі мен даярлық деңгейі есәуір өсті. Құқық қорғау және арнаулы органдар қылмыспен күресте, терроризм мен есірткі бизнесінің жолына тосқауыл қоюда тиімділігін көрсетіп келеді. Алайда босансуға мүлде болмайды. Алдымызда мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту міндеті тұр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз ел болуға тиіс деп санайды. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шара қабылданып жатыр.



— «Заң мен тәртіп», отаншылдық пен жауапкершілік — әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуге тиіс. Себебі біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

— Қазақта «Ердің ісі — елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрісіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың

айбыны арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын! — деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградлармен марапаттады.

САУД АРАБИЯСЫ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Парламент Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев Сауд Арабиясы Консультативтік кеңесінің шақыруымен аталған елге келді. Сапар барысында Эр-Риядта Корольдіктің Консультативтік кеңесінің Төрағасы Абдалла бен Мұхаммед бен Ибрахим Әл-Аш-Шейхпен және Ислам істері, уағыз және насихат министрі Абдулатиф бен Абделазиз бен Абдрахман Әл-Аш-Шейхпен кездесулер өтті. Сұхбат кезінде тараптар Сенат пен Консультативтік кеңес арасындағы ынтымақтастықты және рухани дипломатияны нығайту мәселелерін талқылады. Сондай-ақ алдағы кезеңге арналған бірлескен жұмыстың маңызды міндеттеріне назар аударды.

Мәулен Әшімбаев Консультативтік кеңестің Төрағасымен кездесуде Сауд Арабиясы Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Дипломатиялық қатынастар орнаған 30 жыл ішінде екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық нығайып, өзара мазмұнды әрі ашық саяси диалог қалыптасты. Бұған жоғары деңгейдегі екіжақты белсенді байланыстың нәтижесінде қол жеткізілгені анық.

«Қазір екі ел арасындағы ынтымақтастық барлық салада қарқынды дамып

келеді. Бұл ретте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қос Киенің Сақшысы — Король Салман бен Абделазиз Әл-Сауд және Тақ мұрагері, Премьер-Министр Мұхаммед бен Салман бен Абделазиз Әл-Сауд арасындағы өзара құрмет пен достыққа, ортақ құндылықтар мен ұстанымдарға негізделген қарым-қатынас шешуші рөл атқарады. Осы ретте сізге Қазақстан-Саудия қарым-қатынасын нығайтуға, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің идеяларын дәріптеуге қосқан үлесіңіз үшін зор ризашылығы

мызды білдіреміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Спикері Сенат пен кеңес арасындағы байланыстарды одан әрі нығайтудың маңызды екенін тілге тиек етті. Кездесуде заңнамалық қызметте тәжірибе алмасу, достық топтарына мүше депутаттардың өзара сапарларын ұйымдастыру және Парламент Сенаты мен Консультативтік кеңестің салалық комитеттері арасында тығыз байланыс орнату бағытындағы бірлескен жұмыс мәселелері де талқыланды.

«Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы ынтымақтастықты дамыту жолында Сенат пен Консультативтік кеңестің өзара диалогі маңызды рөл атқарады. Осы орайда Сауд Арабиясының Консультативтік кеңесімен іс-қимылды одан әрі арттыруға мүдделі екенімізді атап өткім келеді. Бізді Корольдікте іске асырылып жатқан бастамаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету саласындағы тәжірибе қызықтырады. Осы орайда Сенат пен Консультативтік кеңесте құрылған достық топтары айрықша рөл атқаратынын атап өткен жөн. Олардың әлеуетін өзара диалогті нығайтудың тиімді тетігі ретінде барынша қолданған абзал. Сондай-ақ Азық-түлік комитеттері арасындағы байланыстарды да жандандырудың маңызы зор», — деді Парламент Сенатының Төрағасы.

Сұхбат барысында Мәулен Әшімбаев Корольдіктің азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты қазіргі сын-қатерлерді еңсеруге және орнықты дамуды ілгерілетуге арналған бастамаларын, сондай-ақ Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы мен Ислам ынтымақтастығы ұйымы аясындағы іргелі істерін жоғары бағалады.

Сенат Спикері өз сөзінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы кешенді өзгерістерге де жан-жақты тоқталды. Бұл ретте экономиканы әртараптандыру, цифрландыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту және инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы тың шаралар жөнінде сөз болды.

Өз кезегінде Абдалла бен Мұхаммед бен Ибрахим Әл-Аш-Шейх Сауд Арабиясы Консультативтік кеңесі көпжақты қатынастарды дамытуға мүдделі екенін айтып, Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси жаңғырулардың тиімділігіне назар аударды.

Кездесуде сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері, оның ішінде екі тарап та қызығушылық танытқан салаларда инвесторларға арналған қолайлы жағдайлар кенірек талқыланды.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Сауд Арабиясының Ислам істері, уағыз және насихат министрі Абдулатиф бен Абделазиз бен Абдрахман Әл-Аш-Шейхпен

кездесті. Онда тараптар конфессияаралық диалогті дамыту мәселелері мен перспективаларын талқылады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары және діни көшбасшылардың келісіміне сәйкес, Сауд Арабиясы толеранттылық пен конфессияаралық диалогті нығайтуға және съезд идеяларын дәріптеп, қолдауға үлкен үлес қосып келеді. Мәулен Әшімбаев мұндай кадам қазіргідей шиеленісе түскен тұрақсыздық жағдайында айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

«Қазір әлем геосаяси қақтығыстар және сауда соғысы сияқты үлкен сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Сондай-ақ біз әртүрлі күштің осындай халықаралық шиеленісті пайдаланып, радикалды идеологияны насихаттауға, ксенофобияны одан әрі қоздыруға және жек көрушілікті таратуға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Мұндай жағдайда рухани дипломатияны ілгерілету және діни көшбасшылардың келісімі мен диалогке шақыруы маңызды рөл атқарады. Сондықтан Сауд Арабиясына сапар аясында Дүниежүзілік ислам лигасымен бірлесіп, дінаралық диалогті нығайту мәселелеріне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырып жатырмыз. Бұл іс-шаралар халықаралық деңгейде диалог мәдениетін дәріптеуге өз үлесін қосады деп үміттенеміз», — деп Мәулен Әшімбаев сұхбаттасушыға биылғы қыркүйекте Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне дайындық барысы туралы айтып берді.

Өз кезегінде, Абдулатиф бен Абделазиз бен Абдрахман Әл-Аш-Шейх съезд аясындағы бастамаларға қолдау білдіріп, бүгінде форум идеяларының маңызы жаһандық деңгейде артып келе жатқанын айтты. Сондай-ақ ол өзара байланысты нығайту және рухани дипломатияны дамыту жолындағы ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға дайын екенін жеткізді.

Бұдан басқа, Қазақстан делегацияның мүшелері Neom жобасының іске асырылу барысымен танысты. Аталған жоба аясында қаладағы экологиялық жүктемені азайту және «жасыл» энергетиканы барынша пайдалануды көздейтін ірі мегаполис салу жоспарланып отыр. Оның жалпы ауданы 26 500 шаршы шақырымды құрамақ.

БАҒДАР

15 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

САЛЫҚ РЕФОРМАСЫ –
КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның төрағалығымен Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті. Онда осы аптада депутаттар бірінші оқылымда мақұлдаған жаңа Салық кодексінің жобасы талқыланды.

Отырысқа Қоғамдық палата мүшелерімен қатар Мәжілістің вице-спикері Дания Еспаева бастаған депутаттар, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, уәкілетті мемлекеттік органдардың жауапты өкілдері, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, бизнес және сарапшылар қоғамдастығының өкілдері қатысты.

Жиын басталмас бұрын Айдос Сарым 2024 жылғы қараша айында Алматы қаласында өткен Салық кодексі жобасын талқылауға арналған алдыңғы отырыста әлеуметтік саладағы салық салу, қосылған құн салығы (ҚҚС), корпоративтік табыс салығы (КТС), арнайы салық режимдері (АСР) сынды негізгі мәселелер көтерілгенін еске салды. Бұл жайттар Қоғамдық палатаның ұсынымдарында көрініс тапқан болатын. Аталған сұрақтарға уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан жауаптар алынды.

— Мемлекет басшысы ҚҚС (қосылған құн салығы) мөлшерлемесін сараланған тәсіл қолдану жөнінде тапсырма берді. Үкімет осы және басқа да бірқатар мәселе бойынша Мәжіліске ұсыныстар енгізді. Бұл жаңа салық заңнамасының тұжырымдамасы мен тәсілдерін айтарлықтай өзгертті. Сәрсенбі күні Мәжіліс кодексі жобасын бірінші оқылымда қарады. Көптеген сұрақ қойылды. Кодекс пен оған ілесіп заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды, — деді Айдос Сарым.

Депутат Салық кодексін әзірлеу мен қабылдау Мемлекет басшысының ерекше бақылауында екенін атап өтті. Қазір Кодекс бірінші оқылымда талқылағаннан кейін тағы бір нақтылап, ең маңызды нормалар бойынша бірыңғай ұстаным қалыптастыру қажет.

Жиынға қатысушыларды жаңа Салық кодексі жобасының негізгі жаңалықтарымен Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин мен Қаржы вице-министрі Ерман Біржанов таныстырды.

Отырыс барысында Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Татьяна Савельева қосымша пысықтауды қажет ететін мәселелерге тоқталды. Солардың бірі — ҚҚС-тың базалық мөлшерлемесін 16%-ға дейін көтеру жайы.

— Мемлекеттік қаржыландырудан тыс медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектерге 10 пайыз мөлшерлемені енгізу — Мәжіліс депутаттары ерекше алаңдатып отырған мәселе — біріншісі. Әлеуметтік маңызы бар медициналық тауарлар мен қызметтердің кеңейтілген тізбесі бойынша жеңілдіктерді сақтау мәселесін әрі қарай талқылау қажет деп санаймын, — деді депутат.

Сондай-ақ жер қойнауын пайдалану саласындағы жеңілдіктер, құрылыс компанияларына ҚҚС бойынша жеңілдіктің жойылуы және салықтық тәуекелдерді басқару жүйесінің ашықтығын арттыру мәселелері де түйткілді та-



қырыптар қатарында қалып отыр. Жалпы алғанда, Татьяна Савельеваның айтуынша, Салық кодексін дайындау жұмыстары уақыттың тығыздығына байланысты қазір өте қарқынды жүргізілуде.

Комитет төрағасы Алматыда өткен көшпелі отырыста Қоғамдық палата әзірлеген көптеген ұсыныстың Кодексті жетілдіру барысында ескерілгенін атап өтті. Бұл Қоғамдық палатаның кәсіби әрі қоғамдық диалог алаңы ретіндегі нақты рөлін көрсетеді.

Қоғамдық палата төрағасының орынбасары, Еуразиялық тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы Светлана Романовская сапасыз акцизделетін тауарларды жою бойынша стандарт әзірлеу немесе арнайы жою компанияларын құру мәселесін көтеріп.

Қазақстандағы Парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Батталова интеллектуалдық өнімдерге салық салуды саралау және мұндай ұйымдар үшін тұрақты жеңілдетілген корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесін белгілеу қажеттігін айтты.

Комитет төрағасы Алматыда өткен көшпелі отырыста Қоғамдық палата әзірлеген көптеген ұсыныстың Кодексті жетілдіру барысында ескерілгенін атап өтті. Бұл Қоғамдық палатаның кәсіби әрі қоғамдық диалог алаңы ретіндегі нақты рөлін көрсетеді.

Қоғам қайраткері, Astana Open Dialogue ұйымының тең құрылтайшысы Александр Данилов салық органдары мен шағын бизнес өкілдерінің арасында тікелей байланысқа толық тыйым салуды ұсынды. Ол барлық процестерді онлайн форматқа көшіріп, бақылау мүмкіндігін енгізу керектігін назар аударды.

Ал сарапшы Ерлан Смайылов Үкімет пен Мәжіліске пайдалы қазбаларды өн-

діруге салынатын салыққа (ПҚӨС) қатысты тәсілдерді қайта қарауды ұсынды. Атап айтқанда, бұл салықтың бір бөлігін жергілікті деңгейде жер қойнауын пайдаланушы тікелей жергілікті бюджетке төлеуге тиіс екенін заңмен бекітіп, ал екінші бөлігін республикалық бюджетке бағыттау керек деді.

— Жер қойнауын пайдаланушы компаниялар әлеуметтік жауапкершілік аясында жұмыс істейтін өнімдердегі әлеуметтік, инфрақұрылымдық, көлік және басқа да маңызды мәселелерді шешуге белсенді қатысып келеді. Алайда көбінесе бұл жұмыс меморандумдар, келісімдер немесе демеушілік көмегі негізінде жүзеге асырылады. Егер біз «Әділетті Қазақстан» конституциялық қағидасын заңнамалық деңгейде нығайтып, оны әрі қарай дамыту туралы айтып отырсақ, онда бұл мәселе неғұрлым институционалды тәсілді талап етеді, — деді сарапшы.

Жаңа нормалар мен ұсыныстар бойынша өз пікірлерін түрлі бизнес және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері де білдірді.

Қоғамдық палата отырысын қорытындылаған Мәжіліс төрағасының орынбасары Дания Еспаева ең проблемалы мәселелердің бірі ретінде арнайы салық режимін қолдану, атап айтқанда, B2B санатындағы түйткілдер мен әлеуметтік саладағы салық салу мәселелерін атап өтті. Бұл жайттар Үкімет тарапынан әрбір саланы есепке ала отырып, мұқият қарауды және нақты шешімдер қабылдауды талап етеді.

Жиын соңында Айдос Сарым отырысқа қатысушыларды жобаның екінші оқылымда қаралуына дейінгі уақыттың тығыздығын ескеріп, өз ұсыныстарын тез арада жолдауға шақырды. Ұсынған пікірлер мен сарапшылардың көзқарастары Қоғамдық палатаның қорытынды ұсыныстарында қаралып, Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетіне жіберіледі.

Әмина МҰХАНБЕТ

ЖҮЙРІКТЕР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН КҮН

Шымкент қаласында «CHILDREN PARALYMPIC GAMES 2025» инклюзивті спорт фестивалінің жеңімпаздары мен қатысушылары салтанатты түрде марапатталды. Іс-шара «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өтті.



Бұл маңызды шараға «AMANAT» партиясы Шымкент қаласы Тұран аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Бақтыбай Алип, Шымкент қаласының №1 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиада резерві спорт мектебінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Олимпиада және әлем чемпионатының күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдібеков, сондай-ақ

GOLDEN FISH жеке жүзу мектебінің жетекшісі, жүзуден халықаралық дәрежелі спорт шебері, Азия чемпионы Анастасия Прилепа болды. Қонақтар жас спортшыларға ізгі тілектерін білдіріп, олардың жеңістеріне ортақтасып, марапаттарды табысты.

Фестиваль аясында инклюзивті хореография және жас тазквондошылардың өнер көрсетулері өтті. Бұл тек спорт-

тық жарыс емес, рух, табандылық және өзіне деген сенім мерекесіне айналды.

Іс-шара «САЛАМАТТЫ БОЛА-ШАҚ» республикалық әлеуметтік жобасы аясында өткізілді. Бұл жоба 2018 жылдан бері Қазақстан бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар 1100-ден астам баланы қамтып келеді.

Шымкент қаласында жоба бес жылдан бері табысты жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде ол балалардың спорттағы ғана емес, өмірдегі де табысына жол ашып, әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсететін маңызды платформаға айналды.

Жобаның негізгі мақсаты — «Шекарасыз спорт» қағидасын ұстана отырып, баршаға бірдей мүмкіндік жасау. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін тегін бейімделген және инклюзивті спорт секцияларын ашу арқылы оларды спортқа тарту, жана достар табуға және қоғамға бейімделуіне жағдай жасау көзделген.

Бұл игі істің бас демеушісі — Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры.

Мерекелік атмосферада өткен фестиваль жас спортшылар мен олардың ата-аналарына шынайы қуаныш пен шабыт сыйлады. Әрбір қатысушының жарқын жетістігі — тек жеке жеңіс қана емес, бүкіл қоғамның бірлескен жетістігі.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕНІҢ ТҮЙІНІ ТАРҚАДЫ



«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы мен өңірлік «Жер аманаты» комиссиясы атқарған ауқымды жұмыс аясында соңғы 15 жылдан бері шешімін таппай келе жатқан түйткілді мәселенің түйіні тарқайды. Яғни, Қазығұрт ауданы Алтынтобе ауылдық округіне қарасты — 15,6 мың гектар, Қарабау ауылдық округіне тиесілі — 4,4 мың гектар, барлығы 20 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылғанын, ауыл тұрғындарының ортақ игілігіне берілді.

«AMANAT» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы қолға алған жұмыстың нақты нәтижесін көрген Алтынтобе ауылының тұрғыны Косанбай

Қалыбеков партияластарға шынайы ризашылығын білдірді.

«Ауыл тұрғындары өздеріне тиесілі жерден пай үлесін алып, егін егу, мал

жаю мүмкіндігіне ие болды. Көп жылдан бері көтеріп келе жатқан мәселеміздің оң шешімін табуға аянбай атсалысқан «Жер аманаты» комиссиясының мүшелеріне айрықша алғыс айтамын», — деді ол.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев партияның «Жер аманаты» комиссиясы соңғы үш жылда өңірде 1 млн 438 мың гектардан астам жерді мемлекет меншігіне қайтарғанын атап өтті.

«Бекітілген жоспар артығымен орындалды. Жоба алғаш қолға алынған 2022 жылы Түркістан облысы бойынша 1 млн 34 мың гектар жер қайтарылса, 2023 жылы мемлекет меншігіне қайтарылған жер үлесі 333,5 мың гектарға жетті. Ал 2024 жылы мемлекет меншігіне қайтқан жер көлемі 70,9 мың гектарды құрап, жылдық жоспар 41 пайызға артығымен орындалды. Биыл өңірде 40,8 мың гектар жерді қайтару көзделіп отыр. Бірінші тоқсанда оның 10,4 мың гектары қайтарылды», — деді ол.

«AMANAT» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы бұл бағыттағы жұмысты алдағы уақытта жалғастыра береді.

АЛАМАН
АЙТЫС ӨТТІ

Петропавл қаласында «AMANAT» партиясының қолдауымен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі «Еңбек адамы — ел мақтанышы» тақырыбында республикалық командалық айтыстың екінші айналымын өткізді.

Жыр аламанында Астана қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының ақындары мен дәстүрлі өнер иелері бақ сынады.

«Командалық айтыс мега-жобасы 2024 жылы бастау алды. Әр өңірде өнерпаздар бас қосқан 20 команда құрылды. Бірінші айналымда 10 команда топ жарды. Ал жартылай финал мамыр айында Астана қаласында өтеді. Бүгін Солтүстік Қазақстан облысы мен Астана қаласының намысын қорғайтын командалар көрерменнің көзайымына айналып, қазақтың бекзат өнерін биік деңгейде көрсетеді деген сенімдеміз», — деді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай.

Айта кетейік, наурыз айында өткен жыр додасында теріскейлік ақын, жыршы, термешілер Шығыс Қазақстан облысының командасынан басым түскен болатын. Аталған өнер бәйгесінде ақындар «түре», «сүре», «қайым» және «кыз бен жігіт айтысы» жанрлары бойынша сынға түсті. Сонымен қатар күй, жыр, терме және дәстүрлі ән орындаушылары арасында кіл мықтыда кім мықты екені анықталды.

«Осыдан бір ай бұрын, Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған айтыста командалық өрелі өнерін көрсетіп, салсері, батырлардың ұрпағы екенімізді дәлелдеді. Бұл жолы да жыр-терме, дәстүрлі ән сынына түсетін жігіттеріміз

сайдың тасындай іріктелді. Астана қаласының командасын айтыскер ақын Серікзат Дүйсенғазы бастап келіп отыр. Олар да тісқакқан өнерпаздар. Алайда біздің қыз-жігіттер де осал емес. Бәрі де бабадан мирас болып қалған байтақ өнерді ұлықтап келеді», — деді ұйымдастырушы әрі айтыскер ақын Жарқын Жұпархан.

Осылайша, өнердің бес бағыты бір жобада тоғысты. Бір айда екінші рет ұйымдастырылып отырған доданы тамашалауға келген тұрғындардың қарасы қалың болды. Қазақтың күмбірілеген күйі мен төгілген жыры көзіқаракты көрерменнің шын көңілінен шықты. Есілдің жағасында туған ұлы тұлғалардың мерейтойлары туралы да сөз қозғалды. Бұл — Қожаберген жырау мен Шал ақын, Сегізсерінің өнері әлі де жалғасын тауып келе жатқанының жарқын көрінісі. Қазақтың кара домбырасын қолға алып, күй шалқытқан, суырылсалмалығымен көзге түскен және дауысы алты қырдан әрі асқан өнерпаздар көрерменнің қолшеметіне бөленді. Ақындар сүбелі сөз саптап, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтерді.

Нәтижесінде, қазылар алқасының шешімімен, Астана қаласының командасы жеңіске жетіп, республикалық айтыстың келесі кезеңіне жоллама алды.

Елнар ЕЛТАЙ

15 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы биыл аяқталады. Жобаның басты мақсаты – елді апатты білім ордаларынан құтқарып, үш ауысымды оқуды жою болатын. Енді ол міндет қалай орындалады? Ұлттық жобаның жүзеге асырылуын бақылауға алған Парламент депутаттары басқа да олқылықтарды байқап, шешімін ұсынды.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ІРГЕТАСЫ



А Айхан ШӘРІП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында орта білімнің сапасын «табысты ұлт болудың маңызды бір шарты» деп бағалады.

— Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепке оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз! Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу — Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі, — деді Президент.

Мәжіліс депутаттарының айтуынша, әу баста ұлттық жоба аясында 2025 жылға дейін 842 мың оқушыға арналған 401 мектеп тұрғызу қарастырылды. Жалпы бюджеті де мол — 2,6 трлн тенге болды. Кейін бюджет тапшылығына байланысты жоспар түзетіліп, барлығы 740 мың оқушы орнына арналған 369 мектеп салу міндеті белгіленді.

Алайда ел Үкіметінің 2024 жылғы 19 желтоқсандағы №1079 қаулысымен қаржы-ландыру сомасы 1,5 трлн тенгеге дейін кеміп, ашылатын жана оқушы орындары 460 400-ге дейін, салынатын мектеп саны 217-ге дейін, яғни екі еседей қысқартылды. Нақтылағанда, Samruk-Kazyna Constnuction компаниясы іске асырып жатқан «Жайлы мектепке» Ұлттық қордан 2023—2025 жылдары 1 триллион 493 млрд тенге бөлінді: 2023 жылға — 500 млрд, 2024 жылға — 646 млрд, 2025 жылға — 347 млрд тенге.

Ұлттық жоба аясында бой көтеретін білім ордаларының жалпы саны 401-ден 217-ге дейін күрт азайса, онда Президент қойған міндет — «апатты мектептерді, үш ауысымды оқуғанды және оқушы орындары тапшылығы жою» мәселесі қалай шешіледі?

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, «Жайлы мектеп» аясындағы мектеп санының елеулі азайтылғанына қарамастан, еліміз бойынша кейінгі екі жылда тұрғызылған орта білім ордаларының жалпы саны ұлттық жоба көрсеткіштерінен айтарлықтай асып түсті. Себебі құрылысы ұзаққа созылып кеткен бұрынғы бірзектіліктің ғимараты ақыры іске қосылды. Сондай-ақ Президенттің тапсырмасымен жемқорлардан тәркіленген қаражат та мектеп салуға бағытталды. Білім инфрақұрылымын қолдау қорынан 100 мыңдай оқушыға арналған 89 мектептің құрылысы қаржыландырылды.

— Нәтижесінде, 2023-2024 жылдары республикада «Жайлы мектепті» қоса алғанда, жалпы саны 422 мектеп салынды. Оларда 510 мың оқушы орны қарастырылды. Тарата айтсақ, 2023 жылғы 137 мың орындық 165 жана мектеп қолданысқа берілді. 2024 жылғы 373 мың оқушы орны бар 257 жана мектеп ел игілігіне тапсырылды, — деді Ғани Бейсембаев.

Министр екі жылда 422 мектептің іске қосылуы ел тарихындағы рекорд болғанына назар аударды. Бұл 32 апатты мектеп пен 71 үш ауысымды мектептің проблемасын, сондай-ақ 200 мектептегі оқу орнының тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік берген.

Сөйтіп, республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс көздердің есебінен жана мектептер саны жөнінен жоспар асыра орындалды. Оқушы орны жөнінен (842 мың орнына 510 мың) кемдеу, бірақ статистикаға әзірге 2025 жылдың көрсеткіштері кірген жоқ, онымен оқушы орны бойынша да жоспар артығымен орындалуы мүмкін. Оқу-ағарту министрі биыл «Жайлы мектеп» жобасы аясында 112 орта білім ұйымы шәкірттерге есігін ашатынын айтты. Мемлекет тек мұнымен шектелмейді: осы жыл аяқталғанша елде шамамен 300 мың оқушыны сиғыза алатын 200 жана мектеп салу жоспарланған.

ҚҰРЫЛЫСЫ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Мәжіліс депутаттары жайлы мектептер санының күрт азаюына жобалар құнының шектен тыс қымбаттап кетуі ықпал етті деп санайды. Осы екінің қысқартуға жауапты

«Самұрық-Қазына Констракшн» компаниясына шүйліккен депутат Қазыбек Исаның дерегіне, жекеменшік мектептердің құрылысына 1,7-2 миллиард тенге кетеді.

— 1 200 орындық жайлы мектеп 6 млрд 413,7 млн тенгеге салынып жатыр. Яғни, бір орнының құны мысалы, Шымкенттегі жеке мектептен 4,16 есеге қымбат! Орнының саны екі есе кем, 600 орындық жайлы мектеп 4 млрд 600,3 млн тенгеге түсті, ондағы бір орын құны 6 есе артық. 2000 орындық жайлы мектептердің құны 9 млрд 630 миллионнан асып кетті! Сапасы бірдей болса да, жекеменшіктің құнынан жайлы мектептің құны 4-5 еседей көп. Сонда 4-5 мектеп орнына бір мектеп қана бергенде, қалған қаржы қайда кетті? Бізге 4-5 мектеп салуға, яғни 1,4 триллион қаржыға 217 мектептің орнына 1000 мектеп салуға кім кедергі? — деді депутат.

Жайлы мектептер жобасының қымбаттап кеткенін «аманаттық» депутаттар мәселе етіп көтеріп келеді.

— Соңғы жылдары бюджетте үнемі қаражат тапшы. Қаржы және Ұлттық экономика министрліктері оның шығыс бөлігін азайту бойынша жұмыс істеуі керек, бірақ жет-

тік береді. Бұл бағыттағы жұмыс стандарттарды жетілдіру, «Мемлекеттік сараптама» РМҚ жұмысын күшейту және Құрылыс кодексіне өзгерістер енгізу арқылы жалғасын табады, — деп хабарлады министрлік.

Бұл жұмыс, әрине «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы тәмамдалуға таяғанда емес, басталып жатқан 2023 жылы пәрменді қолға алынып, тегеурінді шаралар сонда қабылданауға тиіс еді.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН БАСТАМА

Оқу-ағарту министрінің мәліметінше, бүгінде «Жайлы мектептің» жалпы құны 798,2 млрд тенге тұратын 105 объектісінің құрылысы аяқталды. Басқаша айтқанда, 217 жайлы мектептің жартысы да салынған жоқ, алайда жалпы 1,4 трлн тенгенің үлкен бөлігі шығындылып кетті. 1 ғана мектеп орта есеппен 7,6 миллиард тенгеге түсті. Бұл ретте оның арасында 300, 600 орындық кішкене мектептер де жетерлік.

Жоғары аудиторлық палата тексеру қорытындысында «Жайлы мектеп» жобасы бойынша тек 2023 жылы бюджеттің 311,9 миллиард теңгесін тиімсіз жоспарлау және пайдалану фактілерін анықтады. Мәжіліс депутаттарына жолдаған жауабында Үкімет басшысы Олжас Бектегов қазіргі уақытта Бас прокуратураға ұлттық жоба бойынша материалдар жіберілгенін баяндады. Онда «Жайлы мектептің» әрбір мердігерінің, объектісінің, жобасының атауы, құны мен игерілген сомасы, құрылыс объектісінің жай-күйі туралы ақпарат көрсетілген.

Премьер ұлттық жобаны іске асыру жауапкершілігі Samruk-Kazyna Construction-ге жүктелгенін нұсқады. Жалпы, үйлестіруге, мониторингке, әдіснамалық сүйемелдеуге Оқу-ағарту министрілігі жауапты.

Депутаттар: «жекеменшік мектеп арзанға салынады», — деген соң, Оқу-ағарту және Ұлттық экономика министрліктері бірлесіп, мектеп құрылысы бойынша мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің (МЖӘ) жаңа тетігін әзірледі. Ол әкімдіктерге мектептің жобасын (қанша орындық) таңдауға мүмкіндік береді, әкімдіктер жеке әріптеске жер учаскесін ұсынып, инженерлік-коммуни-

«**Министр екі жылда 422 мектептің іске қосылуы – ел тарихындағы рекорд болғанына назар аударды. Бұл 32 апатты мектеп пен 71 үш ауысымды мектептің проблемасын, сондай-ақ 200 мектептегі оқу орнының тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік берген.**»

кәлікті жұмыс байқалмайды. Бюджет шығынын азайтудың бір жолы, менің ойымша, құрылыс құнын төмендету. Құрылыс жұмыстары көбіне шынайы бағасынан бірнеше есе артады. Мәнісін сұрасақ, «есеп-қисаптары бекітілген стандарттар бойынша жүргізіледі» деген үйреншікті жауапты үнемі естиміз, — деді «AMANAT» фракциясының мүшесі Гүлдара Нұрымova.

Депутат тіпті бұрын бекітіліп қойған жобалардың ары қарай қымбаттау жағдайлары жиі кездесетінін екінің түсінді. «Мысал көп. Небәрі 600 орындық шағын мектептің құны 5,4 миллиард тенгеге жеткен! Бұл қаржы университет ашуға болатын шығар. Оқу-ағарту министрілігі де шет қала бермей, білім ұйымдарының құрылыс жұмыстарының есеп-қисаптары бойынша стандарттарға ревизия жүргізіп, оларды шынайы деңгейге дейін қайта қарауы қажет. Сол арқылы бюджет қаражатын үнемдеу шаралары қабылданауға тиіс», — деді Г. Нұрымova.

Өнеркәсіп және құрылыс министрілігінің түсіндіруінше, бюджеттен қаржыландырылатын мектептер құнының басы артық қымбаттауы мәселесі бар. Түйткілді түйінін тарқатудың бірнеше жолы пысықталды.

«Бұл жағдайда «Мемлекеттік сараптама» кәсіпорны бағаны төмендетуге ықпал ететін негізгі мемлекеттік органға айналауға тиіс. Ол бағасы шамадан тыс көп жобаларға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын бермеуі керек. Екіншіден, құрылыстың заманауи әдістерін ендіру жоба құнын арзандатуға септеседі. Осы мақсатта ЕРС («под ключ») контрактілері бекітілетін болады», — деді министрліктегілер.

ЕРС (Engineering, procurement and construction) келісімі бойынша мердігер компания жобалау, құрылыс материалдары мен қызметтерді сатып алу, объектіні салу, жабдықтау және іске қосу бойынша бүкіл жауапкершілік пен міндеттемені өз мойнына алады.

— Себебі жобаның жолай қымбаттауы жобалаушының — бір ұйым, мердігердің — басқа ұйым, орындаушылардың мүлдем бөлек компания болуынан туындайды, олардың әрқайсысы өз үстемесін қосады. Бұл жағдайда мердігер және жобалаушы ұйымдардың бір заңды тұлғаға бірігуі, ЕРС-келісімі сияқты заманауи құрылыс әдісімен жұмыс істеу шығыстарды елеулі қысқартуға мүмкін-

қациялық инфрақұрылым жүргізіп береді. Жобалық-сметалық құжаттама банкіндегі дайын ЖСК-ны қолдануға рұқсат етіледі. Инвесторға амортизациялық компоненттің және мемлекеттік білім беру тапсырысының кепілдендірілген ақысын төлеу көзделген.

— Бұл тетікті енгізу шеңберінде жобалық қуаты 300 оқушыдан кем болмайтын орта білім объектілерін салу жөніндегі МЖӘ жобаларының базалық параметрлері әзірленді. Сонымен қатар министрлік жеке әріптесті айқындау және білім беру саласындағы МЖӘ шартын жасау қағидаларын дайын етті, — деді Премьер-Министр.

Қазіргі уақытта жеке әріптеске төленетін амортизациялық төлемдердің мөлшері, білім беру процесінің шығыстарына ақы төлеу және басқасы бойынша қажетті есеп-қисабы пысықталып, жуырда Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарылмақ.

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 14 наурызда, Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Ақмола облысы ұлттық жобамен салынатын барлық мектептің құрылысын бірінші болып аяқтағанын жариялады. Өнірде 12 мыңнан аса оқушыға арналған жана білім ошақтары ашылды.

— Мына жайтты қаперде ұстаған жөн: барлық жерде тек «Жайлы мектеп» жобасымен мектеп салу міндетті емес. Сапалы салынған қарапайым мектептерге де сұраныс жоғары. Жуырда Талдықорғанға бардым. Ондағы қазақ мектебі қарапайым болса да тартымды. Осындай мектептерді барлық жерде салу керек. Өйткені «Жайлы мектептер» айтарлықтай қымбат, оны әр облысқа сала берудің қажеті шамалы, — деді К. Тоқаев. Ол 3 жылда — 1 300, соның ішінде ауылдағы 900 білім ордасын жаңғыртуды жүктелді.

Қорыта айтқанда, жайлы мектеп, жалпы жана мектеп — сапалы білім алу және денсаулығын нығайту үшін жас ұрпақ өкіліне берілген зор мүмкіндік (спортзалының жоқтығын айтпағанда, сыз білініп, көк басқан ескі білім ошақтарында балалардың денсаулығынан сау-тамтық қалмайды). Әрбір баланың оқуы мен жан-жақты дамуына лайықты жағдай жасалғаны жөн. Ендеше Президенттің болашаққа бағдарланған бұл ұлттық жобасының стратегиялық маңызы бар. Оны орындауда тұяндаған олқылықтарды жою бағытында жұмыс жүргізіліп жатқаны көңілге үміт ұялатады.

МЕКТЕПТЕР ТҰР АШЫЛМАЙ...

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қарағанды облысында 18 білім беру нысаны салынады. 10 жайлы мектептің құрылысы 2023 жылы басталды. Бұл мектептер 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға берілуі керек еді. Дегенмен бірнеше оқу ордасы былтыр ашылмай қалды. Яғни, бірнеше жаңа мектеп берілетін уақытынан кешігіп жатыр.



А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Бытыр құрылысы бітпей қалып, ашылуы биылға шегерілген жайлы мектептердің біреуі — Қарағанды қаласына, үшеуі — Бұқар жырау ауданына қарасты үш ауылға, біреуі — Қарқаралы ауданында, енді бірі Шет ауданына тиесілі.

Айта кету керек, құрылыс басталған уақытта шенділер жобадағы мектептер уақытты қолданысқа беріледі деген болатын.

— Қазір білім ошақтарының құрылыс жұмыстары кестеге сай жүрде. Мерзімі мен сапасы ерекше бақылауда. Жана мектептер жеті түрлі талапқа сай 300, 600, 900, 1 200, 1 500, 2 000 және 2 500 орындық болып, жана бірыңғай стандарт негізінде салынууда. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары бөлек блоктарда оқиды. Әр блокта оқу кабинеттері, дәретхана, спортзалдары бар. Балалар үшін бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шараларын орнату көзделіп отыр. Заман талабына сай толықтай жабдықталады, — деген еді сол уақытта облыстың Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Абылай Смағұлов.

Дегенмен іс басқаша. Негізінен, бұл нысан партияның сайлау-алды бағдарламасының Жол картасы аясында салынууда. «Құрылыс неге созылып кетті?» деген сұрақпен «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Александр Курпиренко бастаған бір топ өкіл Бұқар жырау ауданы Үштөбе ауылында салынып жатқан «Жайлы мектеп» құрылысына мониторинг жүргізіп қайтты. Мониторинг барысында комиссия мүшелері құрылыс жұмыстарының қазіргі кезеңімен танысып, олардың бекітілген кестеге сәйкестігін талдады және оны оңтайландыру бойынша ұсыныстар енгізді.

Тапсырыс беруші Samruk-Kazyna Construction Басқарма төрағасы Мәулен Аймамбетов 2023 жылдың шілде айында 300 оқушыға шақталған Үштөбе ауылындағы жайлы мектептің құрылысына дайындықты жеделдетуді тапсырған болатын. Сол келгенде төраға жұмылдыру бастамасының елсіздігін атады.

Мердігер компания «Астана Көктем С» ЖШС мектеп салынатын учаскені қоршаған. Бейнебақылау камераларын орнатқан. Алайда нысанды орналастыру жұмыстары әлі бастамаған. Samruk-Kazyna Construction басшысы мәселені шұғыл түрде шешуді міндеттеді. «Тиісті келісім жасап, жұмысты жеделдетуге рұқсат алыңыздар. Сіздер қазірдің өзінде кешігіп жатырсыздар», — деп ескертті төраға. Кейін компания жұмысқа кіріскенімен, құрылысты дер кезінде аяқтамады.

Арнайы барған делегация құрамында біз де құрылыс барысымен танысып қайттық. Қоршаудағы құрылыс паспорты да нысанның уақытылы бітпегенінен хабар беріп тұрғандай. Мұнда: «Құрылыс 2023 жылы қарашала басталып, 2024 жылғы шілдеде аяқталады» деген жазу әлі тұр.

Осы жерге келген Бұқар жырау ауданы әкімдігінің шаруашылық бөлімінің басшысы Бақтияр Жаңбырбаевтың айтуынша, жергілікті әкімдік өз міндетін толығымен атқарған.

— Негізінен, біздің ауданға қарасты Доскей, Үштөбе ауылдарында және Ғабиден Мұстафин кентінде «Жайлы мектептер» салынып жатыр. Ауданнан бюджет есебінен осы мектептерге интернет желісін тарттық, жол салдық, қазандық тұрғыздық. Бытыр кесте бойынша



өз міндетімді орындады. Бұл мектепке де су, жылу бәрі берілді, — деді Бақтияр Жаңбырбаев.

Үштөбе ауылындағы мектеп құрылысын мердігер «Болашақ» компаниясы бастаған болатын. Бытырғы тамыз айынан бастап бас мердігер уақытында жұмысын аяқтамаған құрылыс компаниясымен келісімшартты бұзған.

— 2024 жылдың 1 қыркүйегінде бұл мектепке оқушылар келіп, алғашқы қонырау соғылуы тиіс болатын. Жоба басталған уақытта бас мердігер «Астана-Көктем С» серіктестігі «Болашақ» компаниясына сенім артып, құрылысты солар бастаған болатын. Дегенмен ол компания өз жұмысына салғырт қарап, дер кезінде құрылысты аяқтамады. Арадағы келісімшарт бұзылып, «Астана-Көктем С» құрылысты өз қолына алды. Мектеп биыл есігін оқушылар үшін аяққа ашады дегенді сенімді түрде айта аламыз, — дейді жоба жетекшісі Еркін Айтбаев.

Бүгінде қабырғасы қаланып, төбесі жабылған мектепке су да, жарық та келіп тұр. Енді ішкі әрлеу жұмыстары басталмақ. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын орындау Ұлттық қор қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатқандықтан, бұл жоба үш ауысымдық және апаттық мектептерді жоюға мүмкіндік береді. Олай болса Үштөбе ауылында салынып жатқан жаңа да зәулім, заманауи мектепке 300 бала үмітпен қарап отыр.



Зарина ҚұТПАНОВА – дрон ұшыру бойынша еліміздегі алғашқы PhD кандидат. Дрон жасау, дрон ұшыру, оны басқару, робототехника, IT саласында үлкен жетістіктерге жетіп, әлем елдерімен байланыс орнатып, жас шәкірттер тәрбиелеп жүрген қазақтың қаршадай қызы жақында Атырауға келген болатын. Бір өзі үлкен жүкті арқалап жүрген қазақтың дарынды жасымен сұхбат құрып үлгердік.

– **Зарина, дрон саласы сізді несімен қызықтырды, таңдауыңызға не себеп болды?**
 – Осы жерде сізге бір шындықты айтайын. Жалпы, «Ұшқышсыз ұшатын аппараттар жақында ғана пайда болды» деген кате пікір. Негізінен, мұндай құрылғылардың тарихы сонау 1849 жылы басталған. Аустрия әскері Венецияда көтерілісті басу үшін ұшқышсыз аэросаттар арқылы бомба тастаған. Кейінірек Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде де ұшқышсыз ұшатын аппараттар қолданылған. Осындай технологиялық өзгерістер дронды адамның күнделікті өмірімен байланыстыра бастады.
 Қазір шыны керек, әлем бойынша дрон саласы өте жақсы дамуда. Дрон – поли-

ция, дрон – агроном, дрон – құтқарушы, дрон – жауынгер, дрон – өрт сөндіруші – бәрі-бәрі қазір ақиқатқа айналды. Дрондар адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне пайдасын тигізіп жатыр. Сондықтан осындай смарт, яғни «ақылды» жобаларды өмірге енгізуге қазақ жастарын неге тартпаса деген ой келді.
 Сіз білесіз бе? Әлемдік нарықтағы зерттеулер соңғы 7 жылда дрон сатып алушылар қатарының көбейгенін көрсетіп отыр. Бұл нені білдіреді? Бұл – дронның болашағы зор деген сөз.
 – **Жастар деп қалдыңыз, шәкірт тәрбиелеуде қандай жетістіктеріңізді атап өте ала едіңіз?**

КӨКЖИЕК

Зарина ҚҰТПАНОВА: ДРОН ТЕХНОЛОГИЯСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

– Шыны керек, мен үшін ең үлкен жетістіктерім – студенттерім. Өзім Астанадағы IT университетте жұмыс істеп жүрмін ғой. Жастар дрон саласын меңгерсе деген ниетпен бастапқыда клуб құрған болатынбыз. Сол кезде дрон саласын тегін меңгер деп университет ішінде дыбыс зорайтқышпен жарнама жасап жүргеніміз есімде. Қазір университет базасында ұшқышсыз ұшу аппараттары алаңын ашып қойдық. Университетте 6000 студент болса, оның ішінде орталыққа тұрақты келіп жүрген 50 студентім бар. Ал 10 студент нақты дронмен айналысуда. Мен үшін бұл үлкен бір нәтиже.

Дрондарды біз жасанды интеллект арқылы басқарып отырмыз. А пунктінен В пунктіне жету, ортадағы кедергілерді айналып өту деген сияқты дүниелерді бағдарлама арқылы басқарамыз. Әлемге танылған Tesla сияқты көліктері, автопилоттарды білеміз. Біздің шәкірттеріміз де осындай әлемдік брендтердің жұмыс істеу технологиясын білуі керек.

– **Жалпы, осы салаға келуіңізге қандай жағдай түрткі болды?**

– Біздің үйімізде екі-ақ қыз. Үйде ұл бала болмағандықтан, әкемің жанында жүріп өстім. Менің қолымда үнемі кілт-сайман жүретін. Үйімді бір қабатың. Бірақ

әкемің гаражы екі қабаты. Он жасыман бастап, үйдегі сағаттарды ақтарып, ондағы құрылғыларды жұмсақ ойыншықтарға салып, түрлі зат жасайтынмын. Кішкентай кезімнен әкеме көмектесіп жүргендіктен, маған осындай қол еңбегіммен айналысатын сала жақын болды. Мамандығым инженер. Қазір IT, бағдарламалау, жасанды интеллект, робототехника салаларына қарай ойысып кеттім. Осы салалар бойынша Үндістан, Түркия, Корея, Қытай мемлекеттерінде қосымша білім алдым. Шыны керек, өзін қарапайым отбасынан шыққан қызбын. Біздің үйде 700 мыңға, 1 млн теңгеге дрон сатып алатын жағдай болған жоқ. Сөйтіп, кей жерде ақылы түрде курстардан, компанияларға барып, тәжірибеден өтіп жүрдім. Мұнымен не айтқым келеді? Ең бастысы, адамда бір нәрсені үйренсем, білсем деген ниет болу керек. Сол кезде ғана адамға мүмкіндік ашылады. Әрі қарай өрекет. Ал өрекет түбі берекет екенін өздеріңіз де білесіздер.

– **Нені армандайсыз? Уақытыңызды жоспарлайсыз ба?**

– Instagram паракшамдағы әр постыма комментарий қалдырушы оқырмандарым маған 10 жылдан кейін отыратын лауазым таңдап қойды. Ол дрон индустриясының министрілігі. Әзіл ғой. Дегенмен осы дрон

саласын Қазақстанның медицина, қорғаныс, әлеуметтік салаларына кедергісіз енгізетіндей жағдай жасағым келеді.

Уақыт – адам баласына берілген ең үлкен нұғмет. Мен уақытымды жоспарлаймын. Үйде сол үшін арнайы қабырғам бар. Кесте сызып, жасайтын жұмыстарымды белгілеп қоямын. Әйтпесе, барлық істі ойда ғана ұстап жүру нәтиже бере бермейді. Сондықтан жастарға уақытты дұрыс жоспарлауды ұсынар едім.

Ал әлеуметтік желілерге шектеу қою керек. Өйткені ол жерде жұлдыздардан бөлек, таныс-тамырдың туған күні, қуанышы бар. Бәрін құттықтап, көңіл бөлің келеді. Бірақ уақыт қазір өте аз. Және уақыт атомдық жылдамдықпен өтіп жатыр. Кез келген дүниеде баланс болуы керек. Адам өзіне де көңіл бөлуге тиіс. Тіпті, күніне 1 минуттан болса да, бір жаңа әдет қалыптастыруға, тіпті кітап оқуға болсын көңіл бөлсеңіз, түбі міндетті түрде үлкен нәтижеге алып келеді. Сондықтан жақсы әдет қалыптастыруды күнделікті 1 минут уақыт бөлуден бастасақ екен деймін.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

КӨМІРТЕКСІЗ КЕЛЕШЕККЕ ҒЫЛЫМИ ҚАДАМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бакуде өткен БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясында (COP29) әлемнің 80-нен астам мемлекет басшыларымен бірге жаһандық қауымдастықтың біртұтас көміртек нарығын құру мәселесін қайта көтерді. Бұл механизм төмен көміртекті жобаларды ынталандыруға арналған экономикалық құрал ғана емес, сонымен қатар климаттың өзгеруіне байланысты ғылыми-зерттеу бағдарламаларын нақты жүзеге асыру үшін тиімді тетік болуы тиіс еді.



Жалпы, халықаралық климаттық келісімдердің басты мақсаты – атмосферада жиналған парниктік газдар шығарындыларын азайту, себебі олар орташа температураның көтерілуіне және жаһандық климаттың өзгеруіне әкеліп соғады. Ал көміртек нарығы – парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе оларды сіңіру жобаларын іске асыруға инвестиция тартуға арналған экономикалық тетік. Климаттың өзгеруі жөніндегі Үкіметаралық сарапшылар тобының (IPCC – Intergovernmental Panel on Climate Change) модельдері көрсеткендей, Париж келісімінің мақсаттарына көмірқышқыл газы шығарындыларын азайтудың экономикалық құнын бағаламай қол жеткізу мүмкін емес.
 IPCC моделі климаттық жүйелердің кешенді талдауына негізделген. Бұл талдау жаһандық жылынды болжауды, көміртек ағындарын зерттеуді және климаттың өзгеруінің салдарын экономикалық модельдеуді қамтиды. Модельдің негізгі құрамдас бөліктеріне шығарындылар сценарийлері, климаттық модельдер, әлеуметтік-экономикалық салдарды бағалау және шығарындыларды азайту стратегиялары жатады.
 Климаттың өзгеруі сияқты жаһандық мәселені ауқымды ғылыми зерттеулер арқылы ғана шешуге болады. Бүгінде еліміздің Ұлттық инженерлік академиясы елдің беделді ғылыми-инженерлік қоғамдастығын біріктіріп, құрамында 382-ден астам академик пен корреспондент-мүше, өндірістің жетекші мамандары мен инженерлері, сондай-ақ 15-тен астам салалық ғылыми-зерттеу институты мен Қазақстанның барлық өңірінде 17 филиал бар. Академия бұл жаһандық сын-қатерді қабылдауға және 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу мақсатында Қазақстанның климаттық күн тәртібіне сәйкес өз шешімдерін ұсынуға дайын.
 Ғалымдар үшін нақты өндірістік міндеттер қажет, ал оларды Жоғары білім және

ғылым министрлігі хақатондар түрінде ұсынып отыр. Бұл міндеттерді ойдан құрастырудың қажеті жоқ, ол Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық кодексі негізінде зерттеулер жүргізіп келеді. Орталық 100-ден астам ірі өнеркәсіптік кәсіпорына технологиялық аудит жүргізіп, оларды ең озық қолжетімді техникалар (ЕКТ) қағидаттарына көшіру мүмкіндігін бағалады. ЕКТ қағидаттарына көшу ластаушы заттардың ғана емес, парниктік газдар шығарындыларын да едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, жылу энергетикасы саласында шығарындыларды жылына 700 мың тоннаға, тау-кен металлургия секторында – 150 мың тоннаға, мұнай-газ саласында 70 мың тоннаға дейін төмендету болжанып отыр. Жалпы шығарындылар көлемі шамамен 60%-ға дейін қысқарады деп күтілуде, бұл елімізді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (дамыған демократиялы және еркін экономикалы елдердің тобы) экологиялық стандарттарына жақындатады. Өнеркәсіптік ЕКТ қағидаттарына көшіру қолданыстағы Экологиялық кодекси аясында жүзеге асырылады. ЕКТ қағидатындағы озық технологияларды енгізген кәсіпорындар экологиялық төлемдерден босатылады.

Бүгінде Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары, қара және түсті металлургия, темір, түсті және қымбат металдарды өндіру, көмір мен көмірсутектерді өндіру және электр энергетикасы сияқты бірқатар өнеркәсіп саласы бойынша ЕКТ анықтамалықтарын әзірледі және олар Қазақстан Үкіметі тарапынан бекітілді. Бұл қағидаттар негізгі өнеркәсіптік кәсіпорындарға кешенді технологиялық аудит жүргізу нәтижесінде, халықаралық тәжірибе мен әлемдегі үздік тәжірибелерді ескере отырып әзірленді. Әзірленген ЕКТ анықтамалықтары – отандық өнеркәсіпті жаңғыртудың маңызды құралы, онда ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) жүргізуді талап ететін нақты міндеттер қамтылған. Осылайша, қоршаған ортаны қорғау және климат саласындағы ғылыми зерттеулерге мақсатты және гранттық қаржыландыру бағыттары нақты айқындалды.
 Мемлекеттің маңызды стратегиялық міндетінің бірі – көміртектік бейтараптыққа қол жеткізуге бағытталған жаңа экологиялық саясатты қалыптастыруда ғылымның орнын анықтайтын уақыт келді. Шығарындыларды азайту жобаларын және ҒЗТҚЖ нәтижелерін

енгізу көміртек нарығы немесе арнайы Көміртек қоры сияқты экономикалық тетіктер арқылы ынталандырылуға тиіс. Алайда елімізде көміртек нарығын қалыптастырудың нақты көрінісіне көз жүгіртсек, бұл бағытта мақсатты реформаларды талап ететін бірқатар мәселенің бар екенін көреміз. Мысалы, Қазақстанның ішкі көміртек нарығында мемлекет көміртек бірлігінің (CO₂ тоннасының) құнын салыстырмалы түрде төмен деңгейде ұстап отыр. Бірқатар кәсіпорын (негізінен жылу электр станциялары) өнеркәсіп пен әлеуметтік сектор үшін аса маңызды болғандықтан, көмірқышқыл газы шығарындыларының көлемін едәуір асырып отыр және одан ары асыру мүмкін. Егер көміртек бірлігінің бағасы жоғары болса, кәсіпорындарға айтарлықтай қаржылық жүктеме түсіп, бұл олардың банкрот болу қаупін тудырады. Сонымен қатар көміртек бірлігінің төмен бағасы парниктік газдар шығарындыларын азайту жобаларын ынталандырмайды, себебі мұндай жобаларға салынатын ин-

жобаларды, сондай-ақ метан, азот тотығы сияқты басқа да парниктік газдардың шығарындыларын азайту жобаларын ескермейтінін атап өту қажет. Төмен көміртекті жобаларды іске асыруды ынталандыру үшін бағаны реттеу және болжаумен қатар, реттелетін қондырғыларда төмен көміртекті жобаларды іске асыруға рұқсат беру қажет. Сонымен қатар бірқатар мақсатта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу аса маңызды, атап айтсақ, өнеркәсіп саласындағы шығарындыларды азайтудың ең жоғары әсерін беретін жобалар тізбесін қалыптастыру; өнеркәсіп пен көлік саласында парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін цифрландыру мен жасанды интеллект жүйелерін енгізу бағыттары анықтау.

Ғылыми-зерттеу нәтижелері Қазақстандағы парниктік газдар шығарындыларын азайту әлеуеті туралы арнайы құжат түрінде ресімделсе, көміртек инвестицияларын тартуға және ерікті шығарындыларды азайту бойынша халықаралық нарыққа қатысуға негіз болады. Көміртек реттеу жүйесі метан,

ласындағы эндогендік өрттерді зерттеуге аударуға болады.

Эндогендік өрттер – әсіресе, қоныр көмір кен орындарында жиі кездесетін күрделі экологиялық мәселе. Қазақстандағы көмір разрездерінде мұндай өрттерден жылына 200 мың тоннаға дейін CO₂ бөлінуі мүмкін. Спутниктік мониторинг арқылы өрт ошақтарын дер кезінде анықтап, сөндіру парниктік газдар шығарындыларын айтарлықтай төмендетеді.

Энергетика саласында да көмір жағатын қазандықтар мен жылу электр стансаларында жануды оптимизациялауға байланысты зерттеулер жүргізу маңызды. Оттегінің дұрыс қатынасы отынның толық жануына, зиянды заттардың азаюына және жылу шығындарының төмендеуіне ықпал етеді. Соның тәсілдерге жану температурасының үш өлшемді моделін жасау мен жасанды интеллект технологияларын қолдану жатады.


Жанарлықтың энергия көздерінің (ЖЭК) тәуліктік өндірісін нақты болжау – энергожүйенің тұрақты жұмысына қажет шарттардың бірі. ЖЭК-тен өндірілетін қуаттың үлесі артқан сайын тәуліктік графигі қалыптастыру күрделене түседі. Мұны шешу үшін метеодеректер мен жасанды интеллект негізінде автоматтандырылған болжау жүйелері қажет. 2023 жылғы 1 шілденен бастап енгізілген Электр энергиясының Бірінші сатып алушысы моделі сауда үдерісін орталықтандыру арқылы бағаны тұрақтандыруға ықпал етеді.

Тау жыныстарының химиялық мүжілуін қушейтеу (ERW) атмосферадағы CO₂-ны ұзақ мерзімге кальций карбонатына айналдыру арқылы жояды. Жылына табиғи тұзшамамен 1,1 млрд тонна CO₂ байланыстырады (ал антропогендік шығарындылар 36,7 млрд тоннаға жуық). ERW кезінде үш негізгі кезең жүзеге асырылады: мүжілетін минералдарды өндіру, оларды ұсақ күйге дейін майдалау және үлкен аумақтарды сол материалмен өңдеу. Бұл технология топырақ құнарлылығын жақсартып, азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және мұхиттардың қышқылдануын төмендетуге де ықпал етеді. Қазақстанда диатомиттің мол қоры бар, сондықтан ERW аясында оны пайдалану перспективасы зор.

Осы жобалар мен бастамаларды іске асыру үшін нақты ғылыми зерттеулер қажет. Парниктік газ шығарындыларын өлшеу мен верификациялаудың жетілдірілген әдістемелері, көміртек қаржыландыруынның жаңа құралдары мен көміртек реттеудің ұзақмерзімді әсерін бағалау – бұл саладағы басты бағыттар. Климаттық дағдарыс жағдайында ғылым көміртек тетіктерін пысықтаудың дінгегіне айналып, олардың ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге тиіс. Қазақстанның ғылыми-инженерлік қауымдастығы көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз және жаһандық экологиялық сын-қатерлерді еңсеруде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Гүлбарар МЕДИЕВА,
Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы ғылыми-жетекшісі

“**IPCC моделі климаттық жүйелердің кешенді талдауына негізделген. Бұл талдау жаһандық жылынды болжауды, көміртек ағындарын зерттеуді және климаттың өзгеруінің салдарын экономикалық модельдеуді қамтиды.**”



вестициялар өте ауқымды. Төмен көміртекті жобаларды тиімді ынталандыру үшін көміртек бірлігінің ұсынылатын құны шамамен 20 АҚШ доллары/т CO₂ деңгейінде болуы қажет.

Көміртек реттеуіне жататын кәсіпорындарда шығарындыларды жүйелеу электр энергиясы мен жылууды (сыртқы көздерден) үнемдеу арқылы жанама түрде шығарындыларды азайтуға әкелетін

азот тотығы сияқты басқа парниктік газдарды азайту немесе электр энергиясы мен жылууды үнемдеу жобаларын да ынталандыруға тиіс. Ол үшін зерттеу жұмыстары негізінде шығарындыларды қысқартуға әлеуетті жобалар тізімі жасақталуы керек.

Төмен көміртекті жобалардың негізгі бағыттарын іске асыру ғылыми-зерттеу кешенін қажет етеді. Мысалы, ғалымдардың назарын жарыштық мониторинг са-

15 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰЛТ САУЛЫҒЫ

Астанада «Қазақстанның дәрі қауіпсіздігін қамтамасыз ету: тал-дамалық тәсіл және жаңа сын-қатерлер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынға халықаралық сарапшылар, ірі фармацевтика компанияларының өкілдері және мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

«Қазақстанның Шетелдік инвесторлар кеңесі» қауымдастығы және Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп ұйымдастырған кеңесте фармацевтика қауіпсіздігі, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі тұрақтылық, жергілікті өндірісті ынталандыру және мемлекет пен жекеменшік сектор арасындағы әріптестікті нығайту мәселелері қаралды. Сондай-ақ қазіргідей тұрақсыздық жағдайында фармацевтика саласындағы саясатты денсаулық мәселесі ғана емес, экономика, инвестиция және заңнама тұрақтылығының негізі деп қарастыру туралы өзекті тақырыптар талқыланды.

Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратовтың айтуынша, халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету – қоғам денсаулығын қорғау саласындағы негізгі факторлардың бірі. Қазіргі тұрақсыздық жағдайында көп мемлекет, соның ішінде АҚШ пен Еуропа елдері дәрі-дәрмек қауіпсіздігін мемлекеттік саясаттың міндетті элементі деп қарастырып отыр. Сондықтан еліміздің денсаулық сақтау саласындағы басым міндеттердің бірі – фармацевтикалық бақылауды күшейту.

– Дәрі-дәрмек қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ауқымды процесс. Ол дәрі-дәрмек Қазақстанға келіп, тіркеуден өткен сөзден басталады. Сонымен қатар елімізде Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды са-

раптау ұлттық орталығы барлық препаратты тексерістен өткізеді. Сараптамадан өткен соң оларға пациенттер үшін қауіпсіз болған жағдайда ғана тіркеу куәлігі беріліп, Қазақстанға сатуға рұқсат етіледі. Тіркеуден соң да біз сапаны тексеруді тоқтатпаймыз. Дәрігерлер немесе өзге де медициналық қызметкерлер пациенттер үшін жанама әсерді анықтаса, арнайы мобильдік қосымша арқылы деректерді ұлттық сараптау орталығына жіберіп, ол жерде қайтадан тексеріледі. Осылайша, министрлік қандай да бір препаратты тіркеу-тіркемеу мәселесін көтере алады. Бұл «жасыл карта» деп аталады. Өкінішке қарай, дәрігерлер оны толтыруда аса белсенді емес. Жанама әсері туралы да көп ақпарат ұсына бермейді. Соған байланысты фармацевтикалық бақылауды күшейтуді жоспарлап отырымыз, – деді ол.

Панельдік пікірталас барысында қатысушылар өмірлік маңызы бар дәрілік заттардың тізімін қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударды. Дәрілік заттардың қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін тек ашық әрі ғылыми негізделген іріктеу әдістемесі ғана емес, сонымен қатар баға белгілеу мен сатып алу жүйесіне стратегиялық көзқарастың қажеттігі туралы айтылды. Осы орайда «Қазақстанның Шетелдік инвесторлар кеңесі» қауымдастығының директоры Жанна Байдашева денсаулық сақтау секторы өкілдерінің күшін біріктірудің маңызын атап өтті.



– Фармакологиядағы жергілікті өндірісті дамыту, отандық компаниялармен тиімді әріптестік байланыс орнату мен әділ патенттік саясатты қалыптастырудың маңызы зор. Біз дәрі-дәрмекті мемлекет есебінен сатып алған кезде медициналық технологияларды сараптауға (НТА) баса назар аударамыз. Бұл жердегі ортақ мақсатымыз – өмірлік маңызға ие әрі сапалы дәрі-дәрмекті кез келген өңірге, дер кезінде, қолжетімді бағамен жеткізуді қамту. Мұндай пікір алмасу ұзақмерзімді шешім қабылдауға негіз болады деп сенемін, – деді маман.

Ал Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасы Бауыржан Жүсіпов отандық өндірістердің барлығы дженерик өндірушілер екенін, біз оригинал дәрі шығармайтынымызды мойындауымыз керек екенін айтты.

– Біздегі өндірістердің барлығы дженериктерге байланысты екенін мойындауымыз керек, ол оригинал дәрі-дәрмек емес. Біз оригинал дәрі-дәрмектің патенттік қорғанысы болғанына, оған дженерик шығара алмаймыз. Бұл сұрақ Польшада да бар. Сондықтан Польша сарапшыларының ұсыныстары – өз тәжірибемізді байытуға үлкен мүмкіндік. Дәрі-дәрмек қауіпсіздігіне қатысты нақты бастамалар қолға алынып жатыр. Сонымен қатар «СК-Фармация» арқылы отандық өндірушілерге басымдық беретін мемлекеттік сатып алу жүйесі жұмыс істеп тұр. Әрі шетелдік инвесторлармен «инвестициялық келісімдер» аясында келісіміздің бәрін жою тетігі де жолға қойылған.

Фармацевтика қауіпсіздігі – мемлекеттің экономика, медицина және құқық жүйесінің айнасы. Қазақстан қазір осы саланы қайта

қарап, нақты қадамдар жасап жатыр. Алайда ұзақмерзімді тұрақтылық орнасын десек, мемлекет, бизнес және сарапшылар тек өзара байланыста емес, бір команда болып, жұмыла әрекет етуі керек, – деді төраға.

Осы орайда Польша дженерик өндірушілер қауымдастығының вице-президенті, фармацевтикадағы құқық саласы маманы Гжегож Рыхвальски ұлттық өндірістің стратегиялық маңызы туралы ойларын ортаға салды.

– Жергілікті өндіріс – өмірлік маңызы бар және аса қажет дәрі-дәрмектерді тұрақты түрде қамтамасыз етіп отырудың маңызды тетігі. Оның артықшылықтары – логистика тізбектерін қысқартып, қор денгейін бақылауға, дәрі-дәрмек науқасқа қолжетімді болуына және баға түзілуінің ашықтығына мүмкіндік береді, – деді ол.

Дөңгелек үстелдің тағы бір маңызды тақырыбы – дәріхана желілеріне дәрі-дәрмек жеткізу тұрақтылығы мәселесі болды. Қатысушылар Еуразиялық Одақ шеңберінде дәрі-дәрмекті тіркеу процедураларына байланысты туындап жатқан қиындықтарды атап өтті: 2 000-ға жуық атау 2025 жылдың аяғына дейін ЕАЭО аясында тіркеуді күтіп тұр екен. Осыған орай қатысушылар Үкіметке пациенттерді қажет дәрі-дәрмектермен қамтуда ірікілістер болуына жол бермеу үшін өтпелі кезең енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Іс-шара қорытындысы бойынша, қатысушылар мен сарапшылар бірлесіп жергілікті өндірісті дамыту, фармацевтика орнықтылығын қолдау және халықаралық тәжірибе алмасуды кеңейтуді көздейтін бірқатар ұсыныс әзірледі. Бұл ұсыныстар Президент қарауына ұсынылып, Шетелдік инвесторлар кеңесі аясында талқыланып болды.

«БАЛҒАЛЫ МАНЬЯК»: ЖАНТҮРШІГЕРЛІК ҚЫЛЫСТЫҢ АҚИҚАТЫ ҚАНДАЙ?



Екі жеті бұрын Жамбылда көше аралап, қарапайым тұрғындарды құрбанына айналдырып жатқан «балғалы маньяк» туралы ақпарат тарап, көпшіліктің үрейін алды. Әлеуметтік желілерде тараған бас сүйегі жарылған, денесі бөлшектенген видеолар тіпті қорқынышты үдете түсті. Оған қоса, сол күндері Тараз қаласының бірнеше бөлігінде адам өлімі оқиғалары тіркеліп, жағдайды ушықтыра түсті. Сонда «балғалы маньяк» атанған күдікті кім? Және шағын аудандарда орын алған өзге қылмыстардың бұған қатысы бар ма?

Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Желідегі видеоға зер салсаң, саябақта қаза тапқан адам шынында аса қатыгездікпен өлтірілгеніне көз жеткізеу болады. Бас сүйегі опырлып, өбден қорланғаны байқалады. Ал екінші видеода басы жарылған адамның денесі жол жиегінде жатыр. Қансырап барып құлаған адамның да қиналып барып жан тапсырғанын аңғару қиын емес. Тағы бір түсірілген видеода адамның дене мүшелеріне ұқсас бөлшектерді қапқа салып, ағаш жанына қойып кеткенін көруге болады. Желі арқылы тараған міне осы видеоларды көрген жұртшылық жағсыз ұстап, үрей күшағында жүрді. Тіпті, видеоларды бір-біріне таратып, балалары мен жақындарын саябақтар мен тұйық қошқарлардың ішімен жұрмеуге шақырды. Санаулы сағатта желілерді жаппай басып қалған видеолар түрлі қауесеттерге жол ашып, «балғалы маньякты көрдік» дегендер де табылды. Алайда Жамбыл облыстық Полиция департаменті «балғалы маньяк» туралы ақпаратты жоққа шығарды.

«Әлеуметтік желіде «Таразда балға ұстаған маньяк байқалды, зардап шеккендер бар» деген ақпарат тарауда. Жамбыл облысының Полиция департаменті бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтынын хабарлайды. Сондай-ақ ҚР ҚК-нің 274-бабына сәйкес жалған ақпаратты, оның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделгенін ескертеміз», – деді Полиция департаменті хабарламасында.

Алайда тәртіп сақшылары Тараз қаласындағы саябақта өлі адамның денесі

Күдіктің таныстарының айтуынша, оның денесінің бәрі тілім-тілім, тыртыққа толы екен. Кеудесіне жын-перілердің белгісіне айналған суреттер салынған. Ол денесін кескілеп видеоларды жабық аққаунтарға салып, көрермен санын көбейтіп алған. Олардың қатарында, әсіресе жас-өспірімдер көп көрінеді. Қылмыс болған күні де күдікті қалтасына балға салып шыққан. Саябақта марқұммен сөзге келіп қалған соң оның басынан балғамен ұрып ұлаттып, кейін үнін шығармау үшін тағы соққылай берген. Тергеу амалдары кезінде күдікті қылмысқа бару себепін осылай түсіндірген көрінеді. Және ол бұл абайсызда болған адам өлімі екенін, оған дәрігерлік емнің қажет екеніне сендіріп жатыр екен.

Қаза болған азаматқа келер болсақ, ол бұрынғы тәртіп сақшысы екені айтылды. Бірақ бұған қатысты да құзырлы орган өкілдері қосымша ақпарат бермеуде. Десе де, анықтағанымыз марқұм бір жылдары Мойынқум ауданында тұрған көрінеді. Құқық саласында да абыройлы қызмет еткен. Алайда соңғы жылдары Астана қаласына қоныс аударып, сонда ішімізке салынып кетіпті. Осы теріс қылығының салдарынан жаңа қонысына ажырап, қызметтен де қуылған. Осылайша, Тараз қаласына оралып, қаңғыбастың күнін кешкен. Қылмыс болған күні де марқұм күдіктіге мас күйінде жылып, соны орны толмас қайғыға ұласып отыр.

Бұл тұста ерекше екінің түсіретіні – марқұмның бұрынғы тәртіп сақшысы болғаны. Олай дейтіміз – сол күні Тараз қаласындағы жалдамалы пәтерден тағы бір полицейдің асылған денесі табылды. Қазір бұл оқиғаны қатысты да «Өз-өзіне кол салуға дейін жеткізу» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалуда. Бір белгілісі бұл қылмыстың «балғалы маньяк» оқиғасына қатысы жоқ. Құқық саласының қызметкері отбасылық жанжалдан кейін өзіне кол жұмсаған көрінеді. Бірақ бір күнде құқық саласына қатысы бар екі азаматтың көз жұмуы тәртіп сақшыларын аяғынан тік тұрғызып анық.

Тағы бір айта кетерлігі, жоғарыда аталған оқиғалар жұрттың жағсыз ұстап жатқанда АРАI PLAZA бизнес орталығының жанынан тағы бір адамның жансыз денесі табылды. Күн құрғатпай қайғылы деректердің бұлайша жиілеуі «балғалы маньяк» оқиғасына май құйғандай болды. Алайда тәртіп сақшылары марқұм жүрек талмасы ауруынан қаза болғанын мәлімдеп, көпшіліктің үрейін басты.

Әрине, байыбына бармай жатып бай-балам салудан аулақпыз. Бұл оқиғалардың қылмыстық сипатын тергеу амалдары анықтап, үкімін сот айта жатар. Алайда «балғалы маньяк» дақырты әлі басылмай тұрғаны анық. Әсіресе, күдікті қатыгез әрекеттерін видеоға түсіріп, оны жабық ақпаунтар арқылы таратқаны көпшілікті алаңдатып отыр. Осы жағына құзырлы органдар жіті көңіл бөліп, жастардың санасы уланбауы үшін қажеттінің бәрін жасайды деп сенеміз.



ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАР – НАЗАРДА

Қарағанды облысында олар үшін жақсы жағдай жасалған.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен, басқармалардың басшыларымен және өңір аудандары мен қалалары әкімдерімен дәстүрлі кездесуінде білім беру, медицина, спорт және әлеуметтік қолдауға қатысты мәселелер талқыланды. Мүгедектігі бар балалардың дамуы үшін жағдайды жақсартуға ерекше назар аударылды.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәлиев биыл Қарағанды, Шахтинск, Абай және Қарқаралыда 45 бейімделген спорт алаңын орнату жоспарланып отырғанын атап өтті. Салыстыра айтсақ, былтыр олардың саны небәрі екеу ғана болған.

– Біз сондай-ақ спорт секцияларындағы мүгедектігі бар балаларды қамтуды ұлғайтамыз. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жүзу, жеңіл атлетика, үстел теннисі, дойбы, шахмат, футбол, ролитер, бочка, тоғызқұмалақ және басқа да бағыттар бойынша қосымша 433 баланы тартуды жоспарлап отырмыз, – деп хабарлады Серік Сәлиев.

«Лучник надежды» қорының жетекшісі Татьяна Кравченко спорттық сабақтар тізімін кеңейтуді ұсынды.

– Үлкен шығынды қажет етпейтін қолжетімді спорт түрлері бар. Мысалы, асық ату, бес асық және басқа да үстел ойындары. Бұл ерекше балаларға ұлттық спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді, – деп атап өтті ол.

Ұсынысты өңір басшысы мақұлдады. Иппотерапия жобасына да ерекше көңіл бөлінді. Облыс әкімі оның тапсырмасы қалай орындалып жатқанын сұрады. Теміртауда жылқымен өтетін сабақтар 20 мамырда этноауыл базасында басталды, Балқаш пен Қарағандыда да осындай жобаларды бір ай ішінде іске қосу жоспарланған.

Әлеуметтік қорғау туралы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар айтып берді. Биыл 18 жастан асқан психоневрологиялық ауруларға арналған күндізгі стационар ашылды.

– Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының базасында орналасқан жұмыс істеп тұрған күндізгі стационар 12 орынға есептелген, ал қажеттілік 20 орынды құрайды. Ескі базаны кеңейту мүмкін емес, сондықтан жаңасын ашу туралы шешім қабылданды, – деп нақтылады Төлеу Мұхтар. – Қажетті құжаттар дайын, іске қосу жыл соңына жоспарланған.

«Батыл жүрек» қайырымдылық қорының тең құрылтайшысы Оксана Югай бейімделу алаңдары үшін алғысын білдіріп, арнайы тактайшалар орнату қажеттігіне назар аударды. – Бұл алаңдарға қарапайым балалар келіп, мұқамалды сындырып, жаракат алуы мүмкін. Олар ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған, – деп атап өтті Оксана Югай.

Сонымен қатар ол ақыл-есі бұзылған балаларға арналған жеке мектеп ашу мәселесін көтерді.

– Біз екі нұсқаны қарастырамыз: №1 мектеп-интернат базасында төрт арнайы сынып ашу, не болмаса Пришахтинскіде №4 мектеп-интернат базасында толыққанды мектеп ұйымдастыру. Сондай-ақ Биыл Бұқар жырау ауданында түзету кабинеті, Теміртауда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау қорсететін екі кабинет ашылды, – деді Білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Мүгедек жасөспірімдерді жұмысқа орналастыру мәселесін 17 жастағы баланың анасы Әсел Бекбаева ортаға салды.

– Менің ұлым жұмыс істегісі келеді. Оның күш-қуаты жетерлік, қоғамға пайдалы болғысы келеді. Бірақ мамандық алғандардың өзіне жұмыс берушілер екі кабинет ашылды, – деді Білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Мүгедек жасөспірімдерді жұмысқа орналастыру мәселесін 17 жастағы баланың анасы Әсел Бекбаева ортаға салды.

– Менің ұлым жұмыс істегісі келеді. Оның күш-қуаты жетерлік, қоғамға пайдалы болғысы келеді. Бірақ мамандық алғандардың өзіне жұмыс берушілер екі кабинет ашылды, – деді Білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Мүгедектігі бар балалардың ата-аналары кездесудің нақты нәтижесін көріп отырғандарын, мәселелер біртіндеп шешіліп келе жатқанын атап өтті.

«ШЫМҚАЛА» БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫНЫҢ ІЗІ ЖОҚ



Шымкент қаласының орталығында орналасқан ескі қалашықтың орнына 2021 жылы сәулеті көз тартар «Шымкала» этноауылы салынған болатын. Қала тұрғындары мен қонақтары үшін мәдени және туристік орталық ретінде салынған кешендегі киізүйлерде қолөнер шеберлері келушілерге gobelen тоқу, киіз басу, былғары, зергерлік, ағаш бұйымдарын жасау бойынша шеберлік сағаттарын өткізіп жүрген-ді. Одан бөлек, этноауылда ұлттық дәстүрімізді дәріптейтін алып тайқазан, киізүй үлгісіндегі концерт залы, қолөнершілер ауылы бар.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Үшінші мегаполистің үлкен жаңалығы болып ашылған алып кешен екі негізгі туристік бағыттан тұрады. Олар онтүстік және шығыс қақпалардан басталады. Мұнда келушілерге Шығыс базарының атмосферасы ерекше сезіледі. Себебі мұнда кәдесыйлар, ұлттық оюмен өрнектелген ұлттық қолөнер бұйымдарын сатып алуға болады. Ал «Шеберлер ауылы» — бұл жердің басты сәні мен мән-маңызы. Туристерді тартуға арналған орталықтың тағы бір ерекшелігі — театр шатыры мен ашық аспан астында сахна құрылған. Мұнда фотосессия жасап, той ұйымдастыруға да мүмкіндіктер қарастырылған. Түсуәкесер, қыз ұзату, беташар, құдалық, қазактың төл дәстүрлері сынды кішігірім жиындарды ұлттық нақышта өткізуге де болады. Этноауылда осылайша ұлттық құндылықтарымызды есәуір ұлықтауға болатындай-ақ дүние бар. Алайда мемлекеттік коммуналдық мекеме саналатын кешен ақылы қызмет көрсетпейтін болған соң ба, аса жарнамасы жоқ, көпшілік біле бермейтін орынға айналып барды. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына тарту

болған алып кешеннің ашылуында сол кездегі қала әкімі Мұрат Әйтенов: «Бұл кешен Шымкенттің туризм әлеуетін жана белеске көтереді деп сенеміз» деген болатын. Әйткенмен, туризм әлеуетін көтереді деген сенім ақталмай тұр.

Өкінішке қарай, бүгінде ашылғанына тура 4 жыл болған нысанның бір бөлігі жарамсыз болып, тозығы жеткен. Нысанның техникалық төлқұжаты да, қабылдау актісі де жоқ болып шықты. Туристік компания өкілдері мұнда жыл сайын 50 мыңға жуық адам келетінін, алайда қазір жағдайының аса маз емес екенін айтады. Ал жуырда Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек бұл туралы маңызды ақпаратпен бөлісті. «Шымкала» кешеніне 2 жылда бөлінген 2 млрд 700 млн теңгенің ізі жоқ, құжаттары толық емес. Жоғалтып жіберген. Қай уақытта жоғалғанын біз білмейміз. Тіпті, археологиялық қазбалардан табылған жәдігерлер де жеке адамдардың қолында кеткен. Біз бұл қаржының мақсатсыз жұмсалғаны туралы құзырлы органдарға жолдадық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментіне, Экономикалық тергеп-тексеру департаментіне хат түсірдік. Бұл — 2018-2021

жылдары арасында болған жағдайлар», — деді қала әкімінің орынбасары.

Еске сала кетейік, алып кешен ашылғаннан кейінгі 3 айдан кейін-ақ «Шымкала» этноауылынан өрт шыққан. Ол кезде мұнда әлі де құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан болатын. Оқиға орнында этноауыл аумағында орналасқан көлемі 80 шаршы метр бастырма және көлемі 8 шаршы метр қораның қамыс төбесі жанғандығын анықталып, өрттің неден болғаны қаралып жатыр деп ақпарат тараған-ды. Дегенмен өрттің қайдан шыққаны жөнінде ақпарат сол күйі жарияланбады. Ал кейбір ақпарат құралдары жалынның күмәнді тұстары көп деп айтқан.

Тағы бір еске салатын дүние, дәл осы жылы Шымкент қаласының Наурыз мейрамына бөлінген 572 млн теңге туралы ақпараттық агенттіктер «Наурызға бөлінген миллиондар қайда кетті?» деген тақырыпты жазып, көпке дейін қоғамда резонанс тудырған. Бұл туралы сол кездегі қала әкімінің орынбасары Шыңғыс Мұқан баспасөз брифингін өткізіп жауап бергенімен, оған көпшілік қанағаттана қойған жоқ. Бұл дүрмек көпке дейін ел аузында жүріп, үшінші мегаполистің мәдениет басқармасы содан бері онамай-ақ келеді. Сол кездегі Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Ханзада Есенова да сынның астына қалған. Тіпті, этноауылда болған өрт те сол кездегі кейбір қаржыларды жымқыру үшін қолдан жасалынған жағдай деп баға бергендер де болды.

Кім біледі, Сәрсен Абайұлының «бөлінген қаржы құжаттары жоғалып кеткен» деген ақпаратынан кейін де осы сөздердің жаны бар ма деп қалдық. Осылайша, мегаполистің көне тарихын айқындайтын «Шымкала» қалашығындағы археологиялық қазба жұмыстарына бөлінген қаржы да, құжаты да жоқ. Тіпті, штабелдінің тиісті құжаттары әлі күнге толығымен рәсімделмеген.

Қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек қазіргі таңда туристерді тарту бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын, қаладағы барлық музейдің, яғни Саяси қуғын-сүргін музейі, Ерлік музейі, Сайрам музейі, Хакім Абай музейінің басын қосқанын айтты. «Себебі өздеріне сол болса да тиын тауып, өздеріне жұмсасын дедік. Себебі 2024 жылға дейін бірде-бір тиын таппаған», — деді ол.

Айтса айтқандай-ақ, соңғы жылдары Шымкент қаласының мәдениет саласы сынан көз ашпай келеді. Өбден шиеленісіп, былыққа батқан сынайлы.



ЕЛ ҚҰРМЕТІ ЕРЕКШЕ



Түркістан облысы бойынша Жеңістің 80 жылдық мерекесін небәрі 9 соғыс ардагеріне ғана қарсы алу бұйырғалы отыр. Аمانдығымен арамыздан табылған соғыс ардагерлерінің екеуі — қасиет қонған Қазығұрт баурайының тұрғындары.

Өндіріс елді мекенінің тұрғыны Жұмбабаев Әкімбай ақсақал биыл 102 жасқа жетіп отыр. Майдағна 1942 жылы алынып, соғыстың ең ауыр бөлігі, қайғы мен үмітке толы кезеңі — Сталинград шайқасына қатысқан. Осы шайқаста майданның алғы шебіне көмек қолы ретінде жіберілген 122 атқыштар бригадасының құрамы Волга өзенін жүзіп өту барысында жаудың қарша боратқан снарядтарының астында қалады. Талай тағдыр үзілген сол шайқаста Әкімбай ақсақал ауыр жарақат алып, 1943 жылға дейін госпитальға жатқызылады. Сол жылы туған еліне оралып, 40 жыл бойы табан аудармай туып-өскен Тұрбаттағы ауыл шаруашылығы саласында еңбек етеді. Соғыста көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен және бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. Бүгінде ақсақал 4 ұл, 2 қызы, 21 немере, 6 шөбере, 2 шөпшегінің қызығын көріп отыр.

Ал осы ауданның тумасы, Сынтас ауылының данқты ардагері Анарбай Мырзахметов ақсақал биыл 99 жасқа шығады. Соғысқа 1944 жылы өз еркімен аттанған жауынгер Семей қаласында бір айлық дайындық курсынан өтіп, содан Польшаның Варшава қаласына

барып, 1-ші Беларусь фронтында поляк-украина майданында жүрген қиян-кескі шайқастарға қатысқан. Польшаның Варшава қаласын, Германияның Магденбург, Бланкенбург, Берлин қалаларын азат ету әскери операцияларына да қатысып, жауынгерлік шеберлігін көрсете білген. «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен наградалған. Соғыс біткен соң Ресейдің Иванов қаласында Әуе-десант әскерінде әскери борышын өтеп, 1950 жылдың қазан айында елге оралады. 1950 жылы Отан алдындағы борышын өтеп, туған жеріне келіп, ұзақ жылдар бойы «Жанатұрмыс» ұжымшарында ферма меңгерушісі, жүргізуші болып еңбек еткен. 3 ұл, 7 қыз өсіріп, 48 немере, 92 шөбере, 3 шөпшек сүйіп отыр.

Жеңіс жауынгерлерінің ерлік жолы — кейінгі толқын ұрпақтарға мәңгілік үлгі-өнеге. Жауынгерлік парыз, Отан алдындағы борыш, елдің тұтастығына қорған болу — мәңгілік ескірмейтін құндылықтар. Ұрпақ тәрбиесі ісінде ұлтымыздың қаһармандық үлгі-өнегесін көрсеткен осынау батыр аталарымызға әрқашан ел құрметі ерекше.

Н. НАЗАРБЕК

БАҒАСЫ ҚЫМБАТ, БЕЙНЕТІ КӨП

«Көктемнің бір күні жылға азық» деп есте бекер айтылмайды. Күн жылынып, жер қарайғаннан кетпенін қолға алып, ала таңнан атыз жағалап, дала жұмысына ысылған диқан қауымның еңбегі ерен. Осы арқылы берекелі күзде қамбаны алтын дөңге толтыруды көздейтіні белгілі.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Ерте көктемнен еңбек көрігін қыздырған Сыр диқандарының қимылы ширақ. Әсіресе, өңірдің басты дақылды саналатын күріш алқабында еселі еңбектің лебі еседі. Байырғы атақесіптің желкенін керген бүгінгі диқан қауымының қат-қабат шаруасы бір сәт босанса да мүмкіндік бермейді. Оның үстіне, соңғы жылдары орын алған су тапшылығының салқыны жауапкершілік жүгін арттырып тұрғаны жасырын емес.

Сыр күрішінің келешегі даңғайыр диқандарды ғана емес, сала мамандарын да алаңдатып тұр. Бұл жайында жыл басында өткен Үкімет отырысында да кенінен талқыланып, көпті күмілжіткен егінжайдағы еңбектің екпінін арттыру жайы сөз болғаны белгілі. Бұл тұрғыда Сыр еңбеккерлерінің басын ауыртқан мәселенің бірі — су тапшылығын еңсеруге тікелей байланысты. Сондықтан сала мамандары қиындықты еңсеру жолында түрлі шаралар мен жаңашылдықтарға бет бұрып келеді. Ең бастысы, күріш көлемін азайту арқылы ғана емес, суарудың түрлі әдістерін қолдана отырып, су үнемдеудің тиімді тетіктерін қолданысқа енгізуді көздейтіні байқалады.

Бұған дейін Сыр диқандары қуаншылықтың түрлі қиындықтарын бастан өткерді. Қайбір жылдары кеш егілген күріш дақылдың сусыз қалу жағдайы, су тапшылығы салдарынан орын алған түрлі келеңсіздіктер ел есінде. Соған сәйкес, жыл сайын егін науқаны басталарда жұртшылықтың алаңдауы да заңдылық.

Дейтұрғанмен, сала мамандары биылғы науқанға да жан-жақты дайындықпен келіп отырғанын алға тартады. Бұл тұрғыда өңір-



лік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев алаңдауға ешқандай негіз жоқ екенін тізбектеп айтып берді.

«Дала жұмысына дайындық тыңғылықты жүріп жатыр. Биыл былтырмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 4 300 гектарға ұлғаяды. Оның ішінде өңірдің басты дақыл — күріштің көлемін 350 гектарға көбейтеміз. Сол сияқты егісті әртарапандыру мақсатында мал азықтық дақылдар 3 400 гектарға, майлы дақылдар 710 гектарға артады. Есесіне, картоп көкөніс, бақша дақылдарын 118 гектарға азайту межеленуде. Бүгінде ерте егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын себу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Негізгі дақыл күрішті сәуір айының үшінші онкүндігінде бастау межеленіп отыр. Тұқым мәселесі де түбегейлі шешімін тапты. Көктемгі егіске облыс бойынша 22,2 мың тонна күріш тұқымы құйылды. Қазіргі таңда күріш тұқымдарын себу дәрежесіне жеткізу жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек, биылғы жылғы егіске қажетті минералдық тыңайтқыштардың көлемі 64,6 мың тоннаны құраса, қазір оның 57 мың тоннасы сатып алынды», — деді брифингте Талғат Тұрсынұлы.



Жалпы, аймақтағы ірілі-ұсақты шаруашылықтар биылғы науқанда 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді жоспарлап қойған. Соның ішінде егістің алқаптың 85,9 мың гектары Сыр салысына тиесілі. Тұқыммен қамту мәселесінде де анау айтқандай түйткіл жоқ. Бұл тұрғыда мамандар облыстың шаруашылық құрылымдары қажетті тұқымдық материалдармен толық қамтамасыз етілгенін алға тартып отыр. Соның ішінде биылғы науқанға 12 сұрып бойынша 22 230 тонна күріш тұқымы дайын.

«Егін науқанына Сыр диқандары сақдай сай. Тұқым мәселесі түбегейлі шешілді. Шаруашылықтар минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтерді жеткізуші мекемелермен келісімшарт жасау арқылы қажеттілікке сәйкес сатып алуға. Техникалардың дайындығы және жанар-жағармаймен қамтылуы жағы да ойдағыдай. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан көрсетіліп келе жатқан қолдаулардың арқасында облыстың машина-трактор паркі тұрақты жанарып келеді. Күзгі егін жинау және дала жұмыстарын жүргізуге 2025 жылға

мемлекет тарапынан бөлінген арзандатылған дизель отынын жеткізуші операторларды айқындау жөнінде құрылған комиссия отырысының шешімі бойынша облысқа жеткізуші болып 4 мекеме белгіленді», — деп түсіндірді биылғы науқанға дайындық барысы жайында басқарманың егіншілік және өсімдік қорғау бөлімінің бас маманы Зульфия Ақылбекова.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, шаруашылықтарды суды үнемдеп пайдалану мәселесі толғандырады. Осы ретте дарияның бүгінгі жайы да назардан тыс қалған жоқ. Мамандардың мәлімдемесіне сәйкес, нақты уақытта Шардара су қоймасына жоғарыдан секундына 600 текше метр су түсіп жатыр. Оның ішінде Сырдария өзенінің төменгі ағысына 100 текше метр су жіберіледі. Жалпы қоймадағы су көлемі 4,7 млрд тоннаны құрайды екен.

Сол сияқты сала мамандары вегетациялық кезеңде егісті жеткізудің денгейіне сумен қамтамасыз ету мақсатында тиісті шаралар жүргізіліп жатқанын жеткізді. Нәтижесінде, шаруашылық аралық каналдардың 79 пайызына, ішкі шаруашылық аралық каналдардың 94 пайызына тазалау жұмыстары жүргізілген. Сол сияқты су құрылыстарының шаруашылық аралық каналдарының 92,3 пайызына, ішкі шаруашылық каналдарының 78 пайызына және сорғы қондырғыларының 100 пайызына, гидробекеттердің 95 пайызына жөндеу жұмыстары жүргізіліпті.

Осы орайда айта кету керек, өткен жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, көктемгі және күзгі егіс жұмыстары кезінде шаруаларды қолдау мақсатында «Кендала-2» жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасы іске қосылып отыр. Бұл егіс жұмыстарына қаражат тапшай, көп пайызды несиеден қиналған шаруалар үшін үлкен көмек екенін алға тартады басқарма тарапынан.

Өз кезегінде кейбір шаруашылықтар тарапынан күріш сұрыптарынан мән кетіп тұрғанын да айтып қалды. Соның ішінде Сырдың басты брендіне айналған Маржан сортынның жағдайы мәз емес деген пікірде. Қалай дегенде де, бағасы қымбат, бейнеті көп дақылды өсіріп, күтіп-баптау шаруаларға оңайға соқпай тұрғаны аңғарылады. Ең бастысы, мемлекеттен тиісті қолдау көрсетіліп жатты.

ДОДА

15 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Күні кеше Хорватияның Осиек қаласында спорттық гимнастикадан әлем кубогының төртінші кезеңі өтті. Әлемнің таңдаулы спортшыларын бір арнаға тоғыстырған айтулы додадан отандастарымыз жүлдесіз қайтпады.

Әсет ҚАЛИ

Спорт әлемінің көркем шеберлік пен темірдей тәртіпті талап ететін түрі – спорттық гимнастика. Бұл спортта әр қимыл, әр қадам өлшеулі болғандықтан, кателікке бой алдыруға болмайды. Осы жолғы Әлем кубогы көшбасшы гимнастардың өнер көрсетуіне байланысты тартысқа толы өтті. Жарыс сеткасында тоғыз бірдей Олимпиада жүлдегері бақ сынады. Олардың қатарында Токио-2020 ойындарының еркін жаттығудағы жеңімпазы израильдік Артём Долгопят пен Рио-2016 Олимпиадасында шығыршықтағы жаттығуда алтын медаль алған грек елінің мақтаншы Элефтериос Петруниас бар. Сонымен қатар Париж-2024 Олимпиадасында ат үстіндегі жаттығуда екінші нәтиже көрсеткен өзіміздің Нариман Құрбанов та жарысқа қатысты.

Тағы бірнеше атақты гимнаст халықаралық аренаға ұзақ үзілістен кейін оралғанын айта кеткен жөн. Мәселен, Нидерланд құрамасының өкілі Эйтора Торсдоттир 2023 жылдан бері жаракатына байланысты жарыстарға қатыспаған. Енді ол бөрене мен еркін жаттығуларда өз шеберлігін көрсетпек.

Бір қызығы, турнирге 35 елдің спортшылары қатысты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Халықаралық гимнастика федерациясының мәлімдеуінше, бұл жарыстың беделі мен спорттық гимнастиканың әлемдегі маңызын көрсетеді.

Айта кету керек, биылғы маусымда Қазақстан құрамасы әлем кубогының барлық кезеңіне қатысып, әрбір жарыстан жүздемен оралған. Сөзімізге дәлел ретінде Германия-



ОТАНДАСТАР ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

соңғы жарыстарда Карими үшін кермедегі жаттығудағы тұрақсыздығы үлкен әсерін беріп жүр. Өткен жолғы Әлем кубогы финалына шыққанымен, орындау кезінде кеткен кателіктері жүлдеден айырған еді.

Айтқандай-ақ, Милад Карими жарыстың финалдық бәсекесіне сүрінбей өтіп, ақтық сында кермедегі жаттығу бағдарламасының финалында қарсыластарына дес бермеді.

Карими төрешілердің шешімімен 14,666 ұпай жинап, алтыннан алқа тақты. Финалда екінші орынға Израиль спортшысы Александр Мьякинин 14,433 ұпаймен тұрақтаса, ал қытайлық Чени Се 14,300 ұпаймен үздік үштікті түйіндеді.

Бұдан бөлек, ол еркін жаттығулар бағдарламасы бойынша қола медаль жеңіп алды. Отандасымыз финалда Израиль спортшысы Артем Долгопят пен АҚШ өкілі Ивай Юносукеге жол беріп, 13,966 ұпаймен қола жүлдегер атанды.

Айта кетейік, Карими осы Әлем кубогының кезеңінде кермедегі жаттығу бағдарламасының финалында да өнер көрсетеді. Сонымен қатар ат снарядындағы жаттығуларда Нариман Құрбанов пен Зейнолла Ыдырысов медаль үшін бақ сынады.

Тағы бір ұлттық құраманың өкілі Нариман Құрбанов қоланы жеңіп алды. Гимнаст ат снарядындағы жаттығудың финалында сәтті өнер көрсетіп, шешуші бағдарламада 14,233 ұпай жинады. Ал алтын медаль армениялық Гамлет Манукянға (14,633 ұпай) кетсе, күміс жүлде қытайлық Тяньлун Гаоға (14,400 ұпай) бұйырды. Дәл осы бағдарламада Зейнолла Ыдырысов 8-орынға тұрақтады. Осылайша, Осиекте өткен жарысты Қазақстан құрамасы үш жүздемен қорытындылады.



нын Котбус қаласында өткен сайыста Милад Карими еркін жаттығуда алтын жүлдені еншілесе, Бакуде ол күміс медальмен оралған еді. Сонымен қатар Дмитрий Патанин косырықта күміс алса, Зейнолла Ыдырысов ат үстіндегі жаттығуда қола жүлдені иеленіп көңілімізді бір маркайтқан еді.

Түркияның Анталья қаласындағы дода да казак жанкүйерлерінің көңілінен шықты десек болады. Ол жарыста Нариман Құрбанов 2024 жылғы Олимпиададан кейін алғаш рет додаға түсіп, ат үстіндегі жаттығуда жеңіс тұғырынан көрінді. Сол жаттығуда Зейнолла Ыдырысов күміс жүлде алды.

Ендігі кезек – Осиекте. Бұл жолы ұлттық құраманың бапкерлер штабы төрт гимнасты тіркеді. Әр спортшы берілген нұсқаулықтар бойынша Нариман Құрбанов пен Зейнолла Ыдырысов ат үстіндегі жаттығуға қатысса, Милад Карими керме мен еркін жаттығуда бақ сынады. Ал жас гимнаст Асан Сәлімов тіреуішпен секіруден ел намысын қорғайтын болып шешілген еді.

Сарапшылар Құрбанов, Карими және Ыдырысов сынды тәжірибелі гимнастар бұл кезеңде де жүлделі орындардан көрінуі әбден мүмкін деген пікір білдірген еді. Олар маусым барысында өз бағдарламаларын жаңартып, бірқатар сәтті сынақтан өткендіктен, турнирге дайындығы толық. Дегенмен

Турнирге 35 елдің спортшылары қатысты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Халықаралық гимнастика федерациясының мәлімдеуінше, бұл жарыстың беделі мен спорттық гимнастиканың әлемдегі маңызын көрсетеді.



«АТЫРАУ» МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Атышулы «Атырау» футбол клубында футболшылар жыл басынан бері жалақы алмаған. Бұл туралы клуб қызметкерлері Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновке жасаған бейнеүндеуінде айтты.

«Облыстық Спорт басқармасының жаңа басшысы «Атырау» футбол клубына түсініксіз себептермен ақша төлемей келеді. Еден жуушыдан бастап, клуб футболшылары бірнеше айдан бері ақшасыз жүрміз. Несие төлеп, отбасын асырап жүрген адамдармыз. Облыс басшысынан осы мәселені шешіп, жалақымыздың төленуін шешіп беруін сұраймыз», – деген еді футболшылар бейнеүндеуде. Осыдан кейін облыстық прокуратура іске кірісіп, тексеріс жұмыстарын бастап кеткен болатын.

Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметі мәліметтеріне сәйкес, Атырау облыстық прокуратурасы сенімгерлік басқарушылардың клуб алдындағы міндеттемелерін орындамағанын анықтаған.

Негізгі проблема – тиімсіз басқару, артық шығындар және төмен спорттық көрсеткіштерге қатысты болып отыр. Сонымен қатар клубта легионерлер саны көбейген. Сәйкесінше, жергілікті спортшылардың саны азайып барады.

«Атап айтқанда, сенімгерлік басқарушылар тарапынан клубты басқару, қаржылық есептілікті ұсыну бойынша талап-



тар жүйелі түрде бұзылып келген, шығындарды негізсіз асыра бағалау, ойыншылар мен жаттықтырушылар құрамының жоғары жалақы алу фактілері, сондай-ақ спорттық көрсеткіштердің төмендігі сияқты проблемалар анықталып отыр. Клубтың ішкі қаржылық операциялары басқарманың алдын ала келісімінсіз жүзеге асырылған. Шетелдік ойыншылар санының артуы да бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатсыз жұмсалғанын көрсетеді», – делінген Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметі таратқан мәліметте.

Прокуратура анықталған бұзушылықтарды жою және жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұйғарым шығарды. Белгілі болғаныдай, қазір жергілікті билік клубты мемлекеттік меншікке қайтару үшін жұмыс істеп жатыр.

Бейнеүндеудің жарияланғанына бір аптадай уақыт өткеннен кейін «Атырау» футбол клубы өзгерістер болып жатқаны туралы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жазды.

Қазір «Атырау» футбол клубының сенімгерлік басқару құрылтайшылары Жасын Хабибуллин мен Сержан Манасов өз еркімен қызметтерін тастап кеткен. Олардың орнына Темірхан Сәрсенов, Дияз Елеусінов есімді жаңа адамдар келді. Сонымен қатар клубтың бас менеджері Манарбек Ержанов өз еркімен қызметін босатты. Оның орнына 32 жастағы Дидар Сыдықбек тағайындалды. Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұрбол Сыдықовтың айтуынша, қазір клубты мемлекет меншігіне қайтару процедуралары, ойыншылар мен қызметкерлердің жалақысын уақытылы төлеу мәселесін шешу шаралары жүргізіліп жатыр.

Ашық дереккөздерде жарияланған мәліметтерге сенсек, «Атырау» футбол клубының бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануы туралы эпизодтардың қысқаша хроникасы мынадай: 2023 жылдың ақпан айында футболшының тасымалы үшін 500 мың еуро жұмсалған. Бір қызығы, оның 420 мың еурасы үшінші тұлғаға (Ресей Федерациясының азаматы) негізсіз аударылған. Осыған ұқсас эпизод 2024 жылғы желтоқсан айында да болған. Қазақстандық футбол федерациясынан алынған 65 млн теңгенің 20,4 млн теңгесі негізсіз есептен шығарылған. 30 млн теңге жеткізілмеген тауарлардың қызметі үшін аударылған. Және бастапқы құны 300 мың теңге тұратын кір жуғыш машинаны футбол клубы 1,8 млн теңгеге сатып алған.

Өкінішке қарай, спорт саласында болып жатқан жемқорлық фактілері – бір ғана Атырауда емес, Қазақстан бойынша ішінара болса да тіркеліп жатқан жағдай. Мәселен, бұған дейін БАҚ-та Түркістан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында тендер ұтып алған компаниялардың құрылыс сапасын қасақана төмендетіп, қаржының бір бөлігін жымқырғаны туралы ақпарат тараған болатын. 2020 жылы Қаржы мониторингі агенттігі Атырау облысында 7 миллиард теңгеден астам қаржының спортқа бөлініп, тиімсіз жұмсалғанын мәлімдегені де ұмытыла қойған жоқ.

2021 жылы Алматы облыстық Спорт басқармасының басшысы 5 млн теңге пара алғаны үшін ұсталса, 2022 жылы Павлодар облысында спорт мектебі директорының спортшылар тізіміне «өлі жандарды» қосып, жалақы мен стипендия алып отырғаны ашқара болды. Осыған ұқсас ақша жымқыру оқиғалары «Атырау» футбол клубында да жалғасын тауып отырғаны бюджет қаражатына тиісті деңгейде бақылау жетпей жатқанын көрсетеді.

Баян ЖАНҰЗАҚ

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ерболжол ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
 Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
 Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
 8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
 reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
 8(717) 804-61-32
 podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4580
 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
 Сілеті көшесі 30,
 тел.: 8(7172) 99-77-77
 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
 Мұжнов көшесі, 223 б
 Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
 Әлімқұлов көшесі 22,
 тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

(Алматы есебке қию негізіндегі нөмірі мен мерзімі №448-Г – 01.12.2003ж.)